



ZHUBANOV
UNIVERSITY

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ӨНІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ХАБАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

ВЕСТНИК

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

АКТЮБИНСКОГО РЕГИОНАЛЬНОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ К.ЖУБАНОВА

№2 (80)

Маусым 2025



ISSN 3079-0883 (Online)
ISSN 2312-475X (Print)

**Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ Өңірлік университетінің
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК
АКТЮБИНСКОГО РЕГИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ К.ЖУБАНОВА**

**BULLETIN
K. ZHUBANOV AKTOBE REGIONAL
UNIVERSITY**

№ 2 (80) 2025

**2005 жылдан бастап шығады
Издается с 2005 года
Published since 2005**

**Жылына 4 рет шығады
Выходит 4 раза в год
Published 4 times a year**

**Ақтөбе қ., 2025 жыл
г. Актобе, 2025 год
Aktobe, 2025 year**

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің хабаршысы педагогика, техникалық ғылымдар, физика және математика, жаратылыстану ғылымдары, металлургиялық процестер мен технологиялар, география және геоэкология, тарих, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар, экономика және құқық сияқты білімнің әртүрлі салаларында сапалы зерттеулер жариялауға маманданған және рецензияланатын ғылыми журнал болып табылады.

Бас редактор
Философия докторы PhD
Карабасова Лаура Чапаевна

Бас редактордың орынбасары
ф-м ғ. к, қауымдастырылған профессор
Мясникова Людмила Николаевна

Редакциялық алқа мүшелері	
К.Ш. Шункеев	физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
А.Ч. Лущик	физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Тарту университеті (Тарту қ., Эстония)
Н. Попиванов	техника ғылымдарының докторы, профессор, Информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар институты (София қ., Болгария)
С. М. Сарсимбаева	физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
Г.А. Абдикаликова	физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
В.Р. Аминева	филология ғылымдарының докторы, профессор, Горький атындағы Әлем әдебиеті институты, Ресей ғылым академиясы (Мәскеу қ., Ресей)
А.С. Кушкимбаева	PhD, доцент, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
М.Р. Балтымова	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
Г.Д. Хусайнова	философия ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
М.К. Какимжанова	философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С. Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық зерттеу университеті (Астана қ.)
Т.А. Ботагариєв	педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
К.Ж. Туребаева	педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
А.А. Евтюгина	педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ресей мемлекеттік кәсіптік педагогикалық университеті (Екатеринбург қ., Ресей)
И.Н. Бодыкова	педагогика ғылымдарының кандидаты, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
К.О. Казиев	PhD, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті (Атырау қ.)
А.К. Апендина	химия ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті (Астана қ.)
Г.К. Абилова	PhD, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
Н.А. Утарбаева	PhD, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
У.К. Сарсембин	PhD, «Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КеАҚ (Алматы қ.)
З.Б. Сұлтамұратова	химия ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
Р.А. Бекназаров	тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
Г.С. Султанғалиева	тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ.)
Г.Б. Избасарова	тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
Н.К. Байгабатова	тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, И. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Талдықорған қ.)

М.А. Карлыбаев	тарих ғылымдарының докторы, Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясының Қарақалпақ бөлімшесінің Қарақалпақ гуманитарлық ғылымдар ғылыми зерттеу институты (Нукус қ., Қарақалпақстан, Өзбекстан Республикасы)
Б.С. Келаманов	техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
Е.Ж. Шабанов	PhD, қауымдастырылған профессор, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
Р.Б. Султангазиев	PhD, қауымдастырылған профессор, А. Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті (Қарағанды қ.)
Е.К. Самуратов	техника ғылымдарының кандидаты, ЖШС «Казфосфат» (Тараз қ.)
О.В. Заякин	техника ғылымдарының докторы, профессор, РГА Орал бөлімшесінің металлургия институты, (Екатеринбург қ., Ресей)
З.О. Иманбаева	экономика ғылымдарының кандидаты, РАЕ профессоры, академик МАИН, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
Г. Абуселидзе	PhD, Шота Руставели атындағы Батуми мемлекеттік университеті (Батуми қ., Грузия)
А.А. Нургалиева	экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Торайғыров университеті (Павлодар қ.)
Б.Т. Тлеулесова	PhD, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
В.М. Балмагамбетова	PhD, Баишев университеті (Ақтөбе қ.)
А.М. Сергеева	география ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
Л.Д. Давид	Хабилити докторы, профессор, Джон фон Нейман университеті (Кечкемет қ., Венгрия)
К. Самарханов	PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті (Астана қ.)
А.Г. Абдуллина	PhD, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
А.Г. Кошим	география ғылымдарының кандидаты, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ.)
С.К. Шерьязов	техника ғылымдарының докторы, профессор, Оңтүстік-Орал мемлекеттік аграрлық университеті, (Челябі қ., Ресей)
А.К. Матаев	PhD, «Ғылыми-зерттеу, сараптамалық және жобалау-іздігіру қазақстанның көп салалы жаңарту және дамыту институты» ЖШС (ҚАЗКЖДИ), (Қарағанды қ.)
Р.Г. Абдеев	техника ғылымдарының докторы, профессор, Башқұрт мемлекеттік университеті (Уфа қ., Башқұртстан)
Б.Т. Уахитова	PhD, Қ. Жұбанов ат. АӨУ
М.К. Куанышев	техника ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қ. Жұбанов ат. АӨУ

Меншіктенуші: «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

Журнал ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігімен (2005 жылғы 26 наурыздағы №5859-Ж куәлік) тіркелді, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағаттар Комитетімен (2014 жылғы 16 қаңтардағы №14089-Ж куәлік), ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің ақпарат комитетімен (2020 жылғы 6 қазандағы № KZ29VPY00027637 куәлік) қайта тіркелді.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 300 дана

Редакцияның мекенжайы: 030020, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Алия Молдағұлова даңғылы, 34, Ғылым және инновациялар департаменті, тел. +7(7132)54-35-13, e-mail: vestnikarsu_aktobe@mail.ru

Вестник Актыбинского регионального университета имени К. Жубанова является научным журналом, который проходит рецензирование и специализируется на публикации качественных исследований в различных областях знаний, включая педагогику, технические науки, физика и математику, естественные науки, металлургические процессы и технологии, географию и геоэкологию, историю, социально-гуманитарные науки, экономику и право.

Главный редактор
Доктор философии PhD
Карбасова Лаура Чапаевна

Заместитель главного редактора
кандидат ф-м. наук, ассоциированный профессор
Мясникова Людмила Николаевна

Члены редакционной коллегии	
К.Ш. Шункеев	доктор физико-математических наук, профессор, АРУ им. К.Жубанова
А.Ч. Лущик	доктор физико-математических наук, профессор, Тартуский университет (г. Тарту, Эстония)
Н. Попиванов	доктор физико-математических наук, профессор, Институт информатики и информационно-коммуникационных технологий (г. София, Болгария)
С.М. Сарсимбаева	кандидат физико-математических наук, доцент, АРУ им. К.Жубанова
Г.А. Абдикаликова	кандидат физико-математических наук, доцент, АРУ им. К.Жубанова
В.Р. Аминева	доктор филологических наук, профессор, Институт мировой литературы им. М.Горького Российской Академии Наук (г. Москва, Российская Федерация)
А.С. Кушкимбаева	PhD, доцент, АРУ им. К.Жубанова
М.Р. Балтымова	кандидат филологических наук, ассоциированный профессор АРУ им. К.Жубанова
Г.Д. Хусайнова	кандидат философских наук, доцент, АРУ им. К.Жубанова
М.К. Какимжанова	кандидат философских наук, ассоциированный профессор, Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина (г. Астана)
Т.А. Ботагариев	доктор педагогических наук, профессор, АРУ им. К.Жубанова
К.Ж. Туребаева	доктор педагогических наук, профессор, АРУ им. К.Жубанова
А.А. Евтюгина	доктор педагогических наук, Российский государственный профессиональный педагогический университет (г. Екатеринбург, Российская Федерация)
И.Н. Бодыкова	кандидат педагогических наук, АРУ им. К.Жубанова
К.О. Казиев	PhD, Атырауский университет имени Х.Досмухамедова (г. Атырау)
А.К. Апендина	кандидат химических наук, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева (г. Астана)
Г.К. Абилова	PhD, АРУ им. К.Жубанова
Н.А. Утарбаева	PhD, АРУ им. К.Жубанова
У.К. Сарсембин	PhD, «НАО «Казахский Национальный Исследовательский технический университет имени К.И. Сатпаева» (г. Алматы)
З.Б. Сұлтамұратова	кандидат химических наук, доцент, АРУ им. К.Жубанова
Р.А. Бекназаров	доктор исторических наук, профессор, АРУ им. К.Жубанова
Г.С. Султангалиева	доктор исторических наук, профессор, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)
Г.Б. Избасарова	доктор исторических наук, профессор, АРУ им. К.Жубанова
Н.К. Байгабатова	кандидат исторических наук, доцент, Жетысуский университет им. И.Жансугурова (г. Талдыкорган)

М.А. Карлыбаев	доктор исторических наук, Каракалпакский НИИ гуманитарных наук Каракалпакского отделения Академии наук Республики Узбекистан (г. Нукус, Каракалпакстан, Республика Узбекистан)
Б.С. Келаманов	кандидат технических наук, ассоциированный профессор, АРУ им. К.Жубанова
Е.Ж. Шабанов	PhD, ассоциированный профессор, АРУ им. К.Жубанова
Р.Б. Султангазиев	PhD, ассоциированный профессор, Карагандинский технический университет им. А.Сагинова (г. Караганда)
Е.К. Самуратов	кандидат технических наук, ТОО «Казфосфат» (г. Тараз)
О.В. Заякин	доктор технических наук, Институт металлургии Уральского отделения РАН, (г. Екатеринбург, Российская Федерация)
З.О. Иманбаева	кандидат экономических наук, профессор РАЕ, академик МАИН, АРУ им. К.Жубанова
Г. Абуселидзе	PhD, Батумский государственный университет имени Шота Руставели (г. Батуми, Грузия)
А.А. Нургалиева	кандидат экономических наук, профессор, Торайгыров университет (г. Павлодар)
Б.Т. Тлеулесова	PhD, АРУ им. К.Жубанова
В.М. Балмагамбетова	PhD, Университет Баишева (г. Актобе)
А.М. Сергеева	кандидат географических наук, доцент, АРУ им. К.Жубанова
Л.Д. Давид	доктор хабилити, профессор, Университет Джона фон Неймана (г. Кечкемет, Венгрия)
К. Самарханов	PhD, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева (г. Астана)
А.Г. Абдуллина	PhD, АРУ им. К.Жубанова
А.Г. Кошим	доктор географических наук, профессор, КазНУ им.Аль-Фараби (г.Алматы)
С.К. Шерьязов	доктор технических наук, профессор, Южно-Уральский государственный аграрный университет, (г. Челябинск, Россия)
А.К. Матаев	PhD, «Научный-исследовательский, экспертный и проектно-изыскательный Казахстанский многопрофильный институт Реконструкции и Развития (КАЗМИРР), (г. Караганда)
Р.Г. Абдеев	доктор технических наук, профессор, Башкирский государственный университет (Уфа, Башкортостан)
Б.Т. Уахитова	PhD, АРУ им. К.Жубанова
М.К. Куанышев	кандидат технических наук, ассоциированный профессор, АРУ им. К.Жубанова

Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова».

Журнал зарегистрирован Министерством культуры, информации и спорта РК (свидетельство №5859-Ж от 26 марта, 2005 г.), перезарегистрирован комитетом информации и архивов Министерства культуры и информации РК (свидетельство №14089-Ж от 16 января, 2014 г.), перезарегистрирован комитетом информации Министерства информации и общественного развития РК, № KZ29VPY00027637 от 6 октября, 2020 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: 030020, Республика Казахстан, город Актобе, проспект Алии Молдагуловой, 34, Департамент науки и инновации, кабинет 5-7, тел. +7(7132)54-35-13, e-mail: vestnikarsu_aktobe@mail.ru

The Bulletin of Aktobe Regional University named after K. Zhubanov is a peer-reviewed scientific journal that specializes in publishing qualitative research in various fields of knowledge, including pedagogy, technical sciences, physics and mathematics, natural sciences, metallurgical processes and technologies, geography and geoecology, history, social and humanitarian sciences, economics and law.

Chief Editor

Doctor of Philosophy PhD
Karabasova Laura Chapaevna

Deputy chief editor

Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Associate Professor
Myasnikova Lyudmila Nikolaevna

Members of the Editorial Board	
K.Sh. Shunkeev	Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor, K.Zhubanov ARU
A.Ch. Luschik	Doctor of Physical and Mathematical Sciences, Professor, University of Tartu (Tartu, Estonia)
N. Popivanov	Doctor of Technical Sciences, Professor, Institute of Informatics and Information and Communication Technologies (Sofia, Bulgaria)
S. M. Sarsembayeva	Candidate of Physical and Mathematical Sciences, docent, K.Zhubanov ARU
G.A. Abdikalikova	Candidate of Physical and Mathematical Sciences, docent, K.Zhubanov ARU
V.R. Amineva	Doctor of Philology, Professor, Gorky Institute of World Literature of the Russian Academy of Sciences (Moscow, Russian Federation)
A.S. Kushkimbayeva	PhD, docent, K.Zhubanov ARU
M.R. Baltymova	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, K.Zhubanov ARU
G.D. Khusainova	Candidate of Philosophical Sciences, docent, K.Zhubanov ARU
M.K. Kakimzhanova	Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University (Astana)
T.A. Botagariev	Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, K.Zhubanov ARU
K.Zh. Turebayeva	Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, K.Zhubanov ARU
A.A. Evtyugina	Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Russian State Professional Pedagogical University (Yekaterinburg, Russian Federation)
I.N. Bodykova	Candidate of Pedagogical Sciences, K. K.Zhubanov ARU
K.O. Kaziev	PhD, Kh.Dosmukhamedov Atyrau University (Atyrau)
A.K. Apendina	Candidate of Chemical Sciences, L. N. Gumilev Eurasian National University (Astana)
G.K. Abilova	PhD, K.Zhubanov ARU
N.A. Utarbayeva	PhD, K.Zhubanov ARU
U.K. Sarsembin	PhD, Kazakh National Research Technical University named after K.I. Satpayev (Almaty)
Z.B. Sultamuratova	Candidate of Chemical Sciences, docent, K.Zhubanov ARU
R.A. Beknazarov	Doctor of Historical Sciences, Professor, K.Zhubanov ARU
G.S. Sultangalieva	Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty)
G.B. Izbasarova	Doctor of Historical Sciences, Professor, K.Zhubanov ARU
N.K. Baygabatova	Candidate of Historical Sciences, docent, Zhetysu University named after I.Zhansugurov (Taldykorgan)
M.A. Karlybaev	Doctor of Historical Sciences Karakalpak Research Institute of Humanities of the Karakalpak Branch of the Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan (Nukus, Karakalpakstan, Republic of Uzbekistan)
B.S. Kelamanov	Candidate of Technical Sciences, associate professor, K.Zhubanov ARU

E.Zh. Shabanov	PhD, associate professor, K.Zhubanov ARU
P.B. Sultangaziev	PhD, associate professor, A.Saginov Karaganda Technical University (Karaganda)
E.K. Samuratov	Candidate of Technical Sciences, (Taraz)
O.V. Zayakin	Doctor of Technical Sciences, Professor, Head of the Laboratory of Steel and Ferroalloys Institute of Metallurgy of the Ural Branch of the Russian Academy of Sciences, (Yekaterinburg, Russian Federation)
Z.O. Imanbayeva	Candidate of Economic Sciences, Professor of the RAN, Academician of the IAI, K.Zhubanov ARU
G. Abuselidze	PhD, Batumi State University named after Shota Rustaveli (Batumi, Georgia)
A.A. Nurgalieva	Candidate of Economic Sciences, Professor, Toraigyrov University (Pavlodar)
B.T. Tleulesova	PhD, K.Zhubanov ARU
V.M. Balmagambetova	PhD, Baishev University (Aktobe)
A.M. Sergeeva	Candidate of Geographical Sciences, docent, K.Zhubanov ARU
L.D. David	Doctor habiliti, Professor, John von Neumann University (Kecskemet, Hungary)
K. Samarkhanov	PhD, L. N. Gumilev Eurasian National University (Astana)
A.G. Abdullina	PhD, K.Zhubanov ARU
A.G. Koshim	Doctor of Geographical Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty)
S.K. Sheryazov	Doctor of Technical Sciences, Professor, South Ural State Agrarian University, (Chelyabinsk, Russian Federation)
A.K. Mataev	PhD, Scientific research, expert and design and Survey Kazakhstan Multidisciplinary Institute of Reconstruction and Development, (Karaganda)
P.G. Abdeev	Doctor of Technical Sciences, Professor, Bashkir State University (Ufa, Bashkortostan)
B.T. Uakhitova	PhD, K.Zhubanov ARU
M.K. Kuanyshev	Candidate of Technical Sciences, Associate Professor, K.Zhubanov ARU

Proprietary: Non-profit joint-stock company «Zhubanov Aktobe Regional University».

The journal is registered by the Ministry of Culture, Information and Sports of the Republic of Kazakhstan (certificate No.5859-Zh dated March 26, 2005), re-registered by the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan (certificate No.14089-Zh dated January 16, 2014), re-registered by the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan, No. KZ29VPY00027637 of October 6, 2020.

Periodicity: 4 times a year.

Circulation: 300 copies.

Editorial address:: 030020, Aliya Moldagulova Avenue 34, Aktobe, 030020, Republic of Kazakhstan, Department of Science, office 5-7, tel. +7(7132)54-35-13, e-mail: vestnikarsu_aktobe@mail.ru

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENT

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА-ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА-PHYSICS-MATHEMATICS	
Ерекешева М.М., Сагимбаева А.Е., Қали Р.Б.	
Информатика сабағында оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік негіздері	12
Айнакеева Н.Ж.	
Жалпыланған функциялар әдісі бойынша термосерпімді өзекшенің динамикасы	21
Бигалиева А.З., Төлеуғали Н.	
Android платформасында жестау тілін бейімдеу	33
Крылов А.П., Кулмагамбетова Ж.К.	
Методы кросс-платформенной разработки приложения для запоминания слов	40
Убаева Ж.К., Тоғамысов Ә.О.	
Орта мектепте робототехниканы оқыту платформасында виртуалды шынайылықты қолдану сұрақтарын зерттеу	49
Penelova M., Dimitrov V.	
Authorization in electronic healthcare systems	56
Банкова Д., Димитров В.	
Цифровые данные и следы в электронной среде — возможности использования в качестве доказательств в болгарском суде	64
Sarsimbayeva S.M., Bazarbayev S.Zh.	
Development of a voting system based on blockchain technology	74
Кулмагамбетова Ж.К., Бақыт Н.С.	
Современное состояние и перспективы развития цифровых образовательных ресурсов в преподавании информатики в Казахстане	83
Кереев А.К., Улитин Д.В., Дуймуханов Н.М., Раманкулов А.А., Жамбулов С.Ж.	
Разработка ии-тренажёра на основе компьютерного зрения для индивидуальных тренировок	89
ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР-ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ-TECHNICAL SCIENCES	
Орынбасар Р.О., Есенова С.А., Болат А.Д.	
Өнеркәсіптік қалдықтарды адсорбциялық тазарту әдістері	100
Сауханов Н.С., Имагамбетов М.Б., Ишниязова Ж.К., Мурзалина А.М., Шұқаманова Ж.М.	
Внедрение экспресс-автобуса на маршруте №51	109
Zhamidulla A.M., Orynbassar R.O., Sultamuratova Z.B.	
Digital transformation of the oil and gas industry: trends and prospects	119
ПЕДАГОГИКА-ПЕДАГОГИКА-PEDAGOGY	
Берді Д.К., Ұзақбай Ж.Е., Нүрділлаева Р.Н.	
Химия пәнінде практикалық дағдыны дамытуда дидактикалық тапсырмалардың рөлі	125
Тоғайбаева А.К., Мұхаева Т.С.	
Жоғары оқу орнындағы тәлімгерліктің ролі	134
Нурфайзова Г.У., Давлеткалиева Е.С.	
Ағылшын тілі сабағында интербелсенді әдістерді қолданудың тиімділігі	140
Тоғайбаева А.К., Серғазина Н.Н.	
Ғылым саласындағы басқару: көшбасшылық және менеджмент теориясы, айырмашылығы және талдау	150
Калиева Г.А., Махашова П.М., Сембаева Г.П., Макашева О.М.	
Жасөспірімдер арасындағы нашарлықтың алдын алу жолдарының психологиялық-педагогикалық аспектілері	158
Рамазанова Д.Ж., Махатова Г.А.	
Мотивация выбора профессии педагога в эпоху цифровых изменений: исследование с использованием шкалы (D)Fit-Choice	170
Васик Б., Сардарова Ж.И.	
Жоғары білімдегі цифрлық трансформация: мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлер	180

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР-СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ- SOCIAL AND HUMANITIES SCIENCES	
Zhetessova ZH.A., Ekici M.	
Phraseological units with animalistic vocabulary	191
Erkinov A., Kushkarova G.K., Trusheva A.T.	
Means of formal expression of gender stereotypes in language	197
Ержанова Г.А., Акчамбаева Ш.Т., Бостекова А.Р.	
Из опыта комплексного анализа единиц глагольных подсистем, основанных на принципе экономии языке (сопоставительный аспект)	205
Макунина О.А.	
Влияние систематических занятий физической нагрузкой в условиях вуза на функциональное состояние организма и показатели высшей нервной деятельности студентов	212
Қожанұлы М.	
«Бабырнама» ескерткішіндегі кейбір этнографиялық этюдтер	219
Khayatova Z.M., Hamroyeva SH.M.	
Developing new paraphrase algorithms adapted for the uzbek language	231
Hamroyeva SH.M., Makhmudjonova G.U.	
the significance of g2p models for the low-resource uzbek language	238
Моменов Б.М., Барбосынова Г.Е., Кузнецова Ю.Н.	
Роль современного искусства в информационном пространстве	246
Мұратбек Б.Қ.	
Ғалым Рәбиға Сыздықова зерттеулеріндегі лингвопоэтика мәселесі	251
Karabulut F.	
A look at the problem of «synonymy» with examples from turkish and kazakh: are there synonyms in a language or not?	257
Ботағариев Т.А., Кубиева С.С., Картбаева Ж.Ж.	
Развитие диссертационных исследований по проблемам физической культуры в Казахстане с 1970 по 2000 годы	266
Аманиязова Б.А., Утешева Г.Т.	
Цифрлық дәуірдегі адамның мәні: философиялық пайым	279
Өтегенов Н.Ө., Ходжаев А.З.	
Влияние величины отягощения на биомеханическую структуру техники толчка у тяжелоатлетов различных весовых категорий	285
МЕТАЛЛУРГИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР- МЕТАЛЛУРГИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ И ТЕХНОЛОГИИ-METALLURGICAL PROCESSES AND TECHNOLOGIES	
Воробкало Н.Р., Байсанов А.С., Исагулова Д.А., Ибрахимова Ж.А., Шариева С.С.	
Термодинамическая оценка возможности получения ферросилиция из руды месторождения Шалкия	295
Сулеймен Б.Т., Косдаулетов Н.Ы., Адилев Г.А.	
Особенности селективной твердофазной металлизации окатышей и брикетов экструзии (брэксов) из оолитовой железной руды	305
Адилев Г.А.	
Исследования возможности пирометаллургической переработки конвертерных шлаков никелевого производства	313
Adilov G.A.	
Complete recycling of copper smelting slag dumps with zinc oxide recovery and production of cast iron and ceramic products	320
ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ-ЭКОНОМИКА И ПРАВО-ECONOMICS AND LAW	
Ахметова Г.И., Жумағалиқызы А., Бибетова Қ.Ш.	
Қаржылық технологиялар (fin tech): ұғымның эволюциясы, даму кезеңдері және теориялық негіздері	327
ТАРИХ-ИСТОРИЯ-HISTORICAL	
Кубышкин А.И., Перевезенцев А.Л.	
Миссия «доброй воли» Герберта Гувера в латинской америке: добрые намерения и реалии	336
Ganibayeva ZH.A.	
The russian empire's colonial policy in kazakh lands (late 19th -early 20th century)	344

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ-ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ-NATURAL SCIENCES	
Ещанова Г.Ж., Кусбекова А.Ш., Утарбаева Н.А.	
Ақтөбе облысының кескін климат жағдайында қарбыз өсірудің заманауи технологиясын пайдалану ерекшеліктері	353
Myngbay A., Baizak A.N., Poslushnaya O.Y., Alpysbaeva ZH.B.	
Monoclonal antibodies in autoimmune disease treatment: current trends in Kazakhstan and worldwide	360
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Хабаршысы» ғылыми журналына мақала беру тәртібі	371
Порядок приема статей в научный журнал «Вестник Актюбинского регионального университета имени К. Жубанова»	374
Rules of submitting articles for publication in the scientific journal « K. Zhubanov Bulletin of Aktobe Regional State University »	377

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

ЕРЕКЕШЕВА М.М.^{1*}, САГИМБАЕВА А.Е.², ҚАЛИ Р.Б.³

***Ерекешева Меруерт Мынтургановна¹** - Физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: myerekesheva@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-4043-5688>;

Сагимбаева Айнұр Есенгазыевна² - Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: aiya_c@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3258-7558>

Қали Рысты Булатовна³ - Мұғалім, №51 гимназия КММ, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: Ykali000@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0002-5738-4271>

Аңдатпа. Бұл мақаладағы зерттеудің мақсаты – мектеп информатикасы бойынша оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыруды және зерттеу жұмыстарының тапсырмалар жүйесін жасаудың әдістемелік ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан негіздеу. Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және одан әрі дамыту мектеп оқушыларымен шығармашылық жұмыстың негізгі нысандарының бірі. Ол зерттеу тақырыбы бойынша қажетті мамандандырылған мәліметтер қорларына, ақпарат көздеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін заманауи ақпараттық технологияларды қолдануды талап етеді. Зерттеу әдістері – ғылыми мақалаларды талдау, эмпирикалық әдістер, жобалық әдіс, зерттеу жұмыстарының тапсырмалар жүйесін жасау әдістемесі. Жобалық әдіс және оқытудағы белсенділікке негізделген әдіс оқушыларды ғылымға баулу мәселелерінің ең жақсы шешімі. Оқушыларды зерттеушілік және ізденіс әрекетіне ерте баулу интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін барынша толық анықтауға және дамытуға мүмкіндік береді. Бұл әрекеттерді тек орта мектепте ғана емес, бастауыш мектепке де қолдану тиімді болуы мүмкін. Зерттеу нәтижесінде оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастырудың жетекші тенденциялары анықталды, информатика сабақтарында оқушылардың зерттеу мәдениетін тиімді қалыптастырудың оңтайлы педагогикалық жағдайлары анықталды, информатика сабақтарында оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру негізделді.

Түйін сөздер: зерттеу жұмысы, ғылыми мақала, ғылыми жоба, жобалық әдіс, жоба тапсырмасы, зерттеу мәдениеті, тапсырмалар жүйесі.

Кіріспе

Соңғы он жылда Қазақстан Республикасында ғылыми-техникалық білімге ерекше назар аударып отырып, білім беру саласында елеулі өзгерістер болды. Үкімет экономикалық дамуды ынталандыру үшін ғылыми білімнің маңыздылығын мойындады және бүкіл ел бойынша ғылыми білім беруді ілгерілету үшін бірнеше қадамдар жасады. Ғылыми-техникалық бағдарламаларды кеңейту барысында Қазақстан университеттер мен орта мектептерде өзінің ғылыми-техникалық бағдарламаларын едәуір кеңейтті. Бұл ғылым мен технологияға қатысты жаңа мамандықтарды әзірлеуді, ғылыми орталықтар құруды және ғылым мен технологияға бағытталған сыныптан тыс жұмыстарды енгізуді қамтиды. Қазақстан оқушылары физика және математикадан халықаралық олимпиадалар мен ғылыми конкурстарға қатысуда. Бұл байқауларға қатысып, марапаттарға ие болған қазақстандық оқушылар санының айтарлықтай өсуіне әкелді [1].

Зерттеудің мақсаты – информатика сабағында оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру және зерттеу жұмыстарының тапсырмалар жүйесін жасаудың әдістемелік ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан негіздеу. Мектеп оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және одан әрі дамыту шығармашылық жұмыстың негізгі нысандарының бірі. Ол зерттеу тақырыбына қажетті мамандандырылған мәліметтер қорларына, ақпарат көздеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін заманауи ақпараттық технологияларды қолдануды талап етеді. Зерттеу дағдылары мен ғылыми мәдениетті дамыту кез-келген пәнде,

соның ішінде информатикада білім берудің маңызды аспектісі болып табылады. Соңғы жылдары оқушылар арасында, әсіресе информатиканы оқыту контекстінде зерттеу мәдениетін тәрбиелеудің маңыздылығына көбірек көңіл бөлінді. Бұл тез өзгертін технологиялық ландшафтқа және оқушылардың зерттеу жүргізу, инновациялар енгізу және осы салаға үлес қосу үшін қажетті дағдыларды меңгеру қажеттілігіне байланысты өзекті мәселе болып табылады.

Информатика саласындағы зерттеу мәдениетін қалыптастыру информатика сабақтарында қолданылатын оқыту әдістерімен тығыз байланысты. Информатиканы оқыту үшін қолданылатын әдістер оқушылардың зерттеулерді қалай қабылдайтынына және оларды тиімді жүргізу қабілетіне қатты әсер етеді. Бірақ оқушылар зерттеу қызметінің құндылықтарын түсінбейді және оны практикалық қолдану мүмкіндіктерін көрмейді [2].

Оқушыларды ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу және ынталандыру мәселелері, психологиялық ерекшеліктері А.Б.Брушлинский, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтев, С.Л.Рубинштейннің зерттеулерінде кездеседі. Оқу-зерттеу қызметін қалыптастыруды В.А. Бельянин, А.Б.Усова, О.В.Федина, Е.А.Ябурова зерттеді.

Бұл жұмыста оқушылардың зерттеу мәдениетін, шығармашылық ізденістерін қалыптастыру үшін жобалық оқыту әдісін қолдану қарастырылады. Информатика сабағында күрделі және қызықты тапсырманы зерттеу үшін жобамен жұмыс істеу оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Жобалық оқыту оқушыларға жаңа білімді өз бетінше меңгеру мүмкіндігін береді және зерттеу мәдениетін қалыптастырады.

Зерттеуде жобалық оқытуды қолдандудың тиімділігі және оның тапсырма мақсатына жету үшін жақсы тәсіл болып табылатыны көрсетіледі. Негізгі мақсат - информатиканы оқыту кезінде оқушылардың зерттеу мәдениетін дамытуға ықпал ететін әдістемелік негіздерді жан-жақты түсінуді қамтамасыз ету [3].

Зерттеу материалдары мен әдістері

Информатика сабағында оқушылардың зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру әдістемесі бірнеше кезеңдерді қамтиды: зерттеу мәдениеті, зерттеу міндеттері, зерттеуді жүргізу.

Зерттеу мәдениеті: Оқушыларды зерттеу мәдениеті ұғымымен және оның информатикадағы маңызымен таныстыру керек. Мұны дәрістер, талқылаулар және сәтті ғылыми жобалардың мысалдары арқылы жасауға болады. Оқушылар зерттеудің не екенін, оның қалай жүргізілетінін және зерттеу мәдениетін дамытудың артықшылықтарын түсінуі керек.

Зерттеу мәдениеті дегеніміз белгілі бір салада зерттеу жүргізуге қажетті көзқарастар, дағдылар және тәжірибелер жиынтығы. Информатикада зерттеу мәдениеті зерттеу сұрақтарын анықтау, эксперименттерді құрастыру, деректерді жинау және талдау және зерттеу нәтижелерін тиімді жеткізу қабілетін дамытуды қамтиды [4].

Қалыптасқан зерттеу мәдениеті бірнеше себептерге байланысты маңызды. Біріншіден, бұл жаңа білімдер мен түсініктерді қалыптастыру арқылы информатика саласын ілгерілетуге көмектеседі. Екіншіден, оқушыларға болашақ мамандығында қолдануға болатын құнды дағдылар мен тәжірибелер береді. Үшіншіден, бұл бірлесіп жұмыс істей алатын және идеялармен бөлісе алатын зерттеушілер тобын құруға көмектеседі.

Оқушыларды зерттеу мәдениетімен әртүрлі әдістер, соның ішінде аудиториялық дәрістер, шеберлік сабақтар және ғылыми жобалар арқылы таныстыруға болады. Оларды зерттеу үдерісін тереңірек түсіну үшін ғылыми мақалаларды оқуға және конференцияларға қатысуға ынталандыру керек. Сонымен қатар, оларға тәжірибелі зерттеушілердің жетекшілігімен зерттеу жүргізуге мүмкіндік беру керек. Зерттеу мәдениетін дамыту үшін уақыт пен жүйелі жұмыс жасау қажет. Білімге құштарлық, шығармашылық және жаңашылдық мәдениетін дамыту арқылы оқушылар информатика саласының құнды үлескерлері бола алады және қоғамға маңызды үлес қоса алады [5].

Зерттеу міндеттерін анықтау: Оқушыларды зерттеу мақсаттарын қоюға және олардың

қызығушылықтары мен информатика саласына сәйкес келетін зерттеу сұрақтарын әзірлеуге ынталандыру керек. Мұны жобалық оқыту, топтық талқылаулар және ғалымдармен жеке кездесулер арқылы жасауға болады.

Зерттеу міндеттерін анықтау информатикада оқушылардың зерттеу мәдениетін дамытудағы маңызды қадам болып табылады. Зерттеу тапсырмалары - күрделі және қызықты тапсырманы зерттейтін нақты сұрақтар немесе мәселелер.

Зерттеу тапсырмасында заманауи және өзекті информатика саласын анықтау керек. Бұл жасанды интеллект, киберқауіпсіздік немесе компьютерлік желілер, толықтырылған шындық салалары болуы мүмкін. Зерттеу міндеттерін анықтау алдында таңдалған зерттеу саласындағы белгілі әдебиеттерді қарап шығу маңызды. Бұл қазіргі білімдегі және қосымша зерттеулерді қажет ететін салалардағы олқылықтарды анықтауға көмектеседі. Қолданыстағы әдебиеттерді шолу негізінде оқушылар ағымдағы білімдегі олқылықтарды жоюға бағытталған зерттеу сұрақтарын дайындауы мүмкін. Бұл сұрақтар нақты және бағдарланған болуы керек және жаңа түсініктерге немесе жаңалықтарға жетелеу үшін әзірленген болуы керек. Зерттеу сұрақтарын анықтағаннан кейін, олардың орындалатынына және өзектілігіне көз жеткізу үшін оларды нақтылау керек. Бұл зерттеу сұрағының анықтылығын немесе оны қолда бар ресурстар мен тәжірибеге сәйкес келтіруді қамтуы мүмкін. Зерттеу сұрақтары нақтыланғаннан кейін, олардың маңыздылығы мен жүзеге асырылу мүмкіндігіне қарай оларға басымдық беру керек [6].

Оқушыларға деректер мен ресурстардың қолжетімділігі, зерттеу сұрағының күрделілігі және зерттеудің ықтимал әсері сияқты факторлар ескерілуі керек. Соңында, зерттеу тапсырмалары жеке оқушыларға немесе оқушылар тобына тағайындалуы керек. Зерттеуді қалай жүргізу керектігі, зерттеуді аяқтау мерзімдері мен кезеңдері туралы нақты нұсқаулар мен нұсқаулар беру маңызды. Зерттеу міндеттерін қою арқылы оқушылар сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытып, зерттеу жұмыстарын жүргізуде тәжірибе жинақтап, информатика саласының алға жылжуына үлес қоса алады

3. *Зерттеуді жүргізу:* Оқушылар зерттеу жүргізу үшін қажетті құралдармен және ресурстармен, соның ішінде мәліметтер қорына, әдебиеттерге және бағдарламалық қамтамасыз етуге қолжетімділікпен қамтамасыз етілуі керек. Олар зерттеу процесінде гипотезаларды тұжырымдау, эксперименттерді құрастыру, деректерді жинау және талдау және қорытынды жасауды басшылыққа алуы керек. Зерттеуді жүргізу – оқушылардың информатика бойынша зерттеу мәдениетін дамытудағы шешуші қадам [7].

Зерттеуді жүргізудің бірінші қадамы шешуді қажет ететін мәселені немесе жауап беруді қажет ететін сұрақты анықтау болып табылады. Бұл бар әдебиеттерді шолуды немесе ағымдағы білімдегі олқылықты анықтауды қамтуы мүмкін. Зерттеу мәселесі анықталғаннан кейін оқушылар зерттеуді жүргізу үшін жасайтын қадамдарды көрсететін зерттеу жоспарын әзірлеуі керек. Бұл жоспар зерттеу әдістемесі, деректерді жинау әдістері және талдау әдістері сияқты мәліметтерді қамтуы керек. Одан кейін оқушылар өздерінің зерттеу мәселесіне сәйкес деректерді жинауы керек. Бұл эксперименттер, сауалнамалар немесе сұхбаттар жүргізуді немесе бар деректер жиынын талдауды қамтуы мүмкін. Жиналған деректердің дәл және сенімді болуын қамтамасыз ету маңызды. Деректерді жинап болғаннан кейін, оқушылар оны тиісті талдау әдістерін қолдана отырып талдауы керек. Бұл деректердің сипатына байланысты статистикалық талдау бағдарламалық құралын, кодтау алгоритмдерін немесе басқа әдістерді пайдалануды қамтуы керек [8,10].

Деректерді талдау негізінде оқушылар зерттеу мәселесіне немесе сұраққа жауап беретін қорытындылар жасауы керек. Қорытындылардың деректермен расталғанын және зерттеу мәселесіне сәйкес болуын қамтамасыз ету маңызды. Соңында оқушылар өздерінің зерттеу нәтижелерін нақты және қысқаша жеткізуі керек. Бұл зерттеу жұмысын жазуды, презентация жасауды немесе постер әзірлеуді қамтуы мүмкін. Қарым-қатынастың мақсатты аудиторияға

сәйкес болуын және зерттеу нәтижелерін тиімді жеткізуін қамтамасыз ету маңызды.


Зерттеу жүргізе отырып, оқушылар сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыта алады, деректерді талдауда тәжірибе жинақтай алады және информатика саласының алға жылжуына үлес қоса алады [9].

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеу нәтижесінде оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыруда жобалық оқыту әдiсiн қолданудың тиiмдiлiгi анықталды, информатика сабақтарында оқушылардың зерттеу мәдениетiн тиiмдi қалыптастырудың оңтайлы педагогикалық жағдайлары анықталды, информатика сабақтарында оқушылардың зерттеу мәдениетiн қалыптастыру негiзделдi.


Зерттеудің практикалық шешімі ретінде Информатика сабақтарында оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған әдістердің сипаттамасы мен орындау кезеңдері көрсетілген веб-портал әзірленді. Мақсаты: Информатика сабақтарында оқушыларға зерттеуге арналған тапсырмалар жүйесін құру. Оқыту порталы білім алушыға ғылыми ойлау дағдыларын қалыптастыруға, оның әдіс-тәсілдерін білуге, өзін-өзі дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге іштей қажеттілігін туғызады.

Ерекшеліктері: қол жетімді, қарапайым, тапсырмалардың бір ортаға біріктірілгендігі, иллюстрациялар енгізілген. Wix.com платформасынан кіру батырмасы басып, ашылған терезеден аккаунт құру жолы таңдалып, тіркеуден өтеміз. Алғаш порталға кірген уақытта басты тақырып беті ашылады.




Сурет 1 - Басты бет

Жүйе қолданушысы алдымен порталға тіркеледі.




Сурет 2 - Жүйе қолданушысының негізгі беті

Жүйе қолданушысы тіркелгеннен кейін негізгі бет батырмасын басу арқылы республикалық зерттеу жобалары мен конкурстарының ережелері берілген бет ашылады.



Сурет 3 - Бастауыш сыныптарға білім берудегі жоба жұмысының жоспары

Жүйе қолданушысы бұл бөлімде бастауыш сыныптарға арналған жоба жұмысының орындау негіздері мен кезеңдерін ашады.




Сурет 4 - Орта буын оқушыларына арналған әдістемелік

Жүйе қолданушыларына ұсынылған жоба тақырыптары, үлгілері және жазылу әдістемесін көре алады.




Сурет 5 - Жобаны дайындау қадамдары



Сурет 6- Кері байланыс формасы

Кері байланыс формасы арқылы қолданушы өз пікірін білдіреді.



Сурет 7 - Мұғалімдердің кері байланыстары мен тіркелген хабарламалары

Қорытынды

Бұл зерттеуде информатика сабақтарында оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастырудың әдістемелік негіздері қарастырылды, қолданыстағы тәсілдері талданды, оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту үшін қолайлы білім беру ортасын құруға мүмкіндік беретін негізгі принциптер мен әдістер бөлінді. Зерттеудің негізгі мақсаты информатика сабақтарында оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастырудың тиімді әдістерін анықтау болды. Жұмыста зерттеу мәдениетін қалыптастыруда жобалық оқыту әдісін қолданудың тиімділігі негізделді. Сонымен қатар, жобалық оқыту әдісінің тапсырмалары мен орындау кезеңдері, әдістемелік нұсқаулары жүктелген, информатика мұғалімдеріне арналған web протал әзірленді.

Зерттеуде информатика сабақтарында оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастырудың келесі негізгі әдістері анықталды:

- зерттеу мәселесі бойынша ғылыми, педагогикалық-психологиялық әдебиеттер, жасалған ғылыми жұмыстар жалпыланды және жүйеленді;
- оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастырудың жетекші тенденциялары зерттелді;
- информатика сабақтарында оқушылардың зерттеу мәдениетін тиімді қалыптастырудың оңтайлы педагогикалық жағдайларын анықталды;
- информатика сабақтарында оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру ерекшеліктері негізделді.

Информатика сабақтарында оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін негізгі бағыттар анықталды. Оларға мыналар жатады:

- жобалық оқыту әдісін қолдану;

- зерттеу дағдыларын дамыту бойынша семинарлар мен тренингтер өткізу;
- оқушылардың жеке және ұжымдық жұмысын ұйымдастыру;
- зерттеу жүргізу үшін ақпараттық технологияларды пайдалану.

Зерттеу нәтижелері информатика сабақтарында осы әдістемелік тәсілдер мен әдістерді қолдану оқушылардың зерттеу мәдениетін дамытуға, олардың оқуға деген ынтасын арттыруға, сондай-ақ қазіргі заманда сәтті бейімделу үшін қажетті негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға ықпал ететіндігін көрсетті

Сонымен қатар, әзірленген әдістемелік тәсілдер мен әдістерді қолданудың тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін эмпирикалық зерттеу жүргізілді. Зерттеу барысында информатика сабақтарында осы әдістерді қолдану оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар білім сапасын арттыруға, сондай-ақ оқу үлгерімінің көрсеткіштерін жақсартуға ықпал ететіні анықталды. Зерттеу нәтижелері информатика сабақтарында оқушылардың зерттеу мәдениетін қалыптастыру қазіргі білім берудің өзекті және маңызды міндеті екенін көрсетеді. Әзірленген әдістемелік тәсілдер мен әдістерді педагогтар білім беру сапасын арттыру және оқушылардың қазіргі ақпараттық қоғамға сәтті бейімделуі үшін, қажетті зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыру үшін қолданады.

Әдебиеттер тізімі

1. Школьникова М. Н. Формирование исследовательской культуры учащихся на уроках информатики / Педагогические науки. 2018. 2(25), 41-44.
2. Головина Е. Ю. Особенности формирования исследовательской культуры на уроках информатики в условиях реализации ФГОС./ Информационные технологии в образовании. 2019. 32(2), 42-50.
3. Абдуллаева Л. Г. Развитие исследовательской культуры на уроках информатики в условиях перехода на новые образовательные стандарты / Образование и наука. 2020. 22(2), 74-80.
4. Краснова О.В. Методические подходы к формированию исследовательской культуры на уроках информатики в условиях цифровизации образования / Вестник науки и образования. 2021. 6(2), 51-54.
5. Lysak O.G., Pravdyuk, V.N. The technology of developing a theoretical model for the preparation of future bachelors of vocational training based on the formation of natural science mathematical competencies / O.G. Lysak, V.N. Pravdyuk / Scientific Notes of the Oryol State University. - 2016. - No. 1 (70), 214-218.
6. Ratheeswari K. Information Communication Technology in Education / Journal of Applied and Advanced Research, 2018, 3(S1), 45-69.
7. Попова А. А. Формирование исследовательской культуры на уроках информатики в рамках проектной деятельности / Новые технологии в образовании. 2022. 18(1), 136-140.
8. Djordjevic-Kajan S., & Milosavljevic B. Forming students' research culture in computer science classes through project-based learning / Journal of Information Technology Education: Research. 2021. 20-39.
9. Barrow L. H., & La H. C. Developing students' research skills through a research-based computer science curriculum / Computer Science Education. 2021. 31(1), 1-22.
10. Akhmetova L. A., & Akhmetov A. R. Methodology for developing research culture among students in computer science classes in modern conditions. Pedagogical Education in Russia, 2021.-86-91.

References

1. SHkol'nikova M.N. Formirovanie issledovatel'skoj kul'tury uchaschihsya na urokah informatiki

/ Pedagogicheskie nauki. 2018. 2(25), 41-44.

2. Golovina E. YU. Osobennosti formirovaniya issledovatel'skoj kul'tury na urokah informatiki v usloviyah realizacii FGOS./ Informacionnye tekhnologii v obrazovanii. 2019. 32(2), 42-50.

3. Abdullaeva L. G. Razvitie issledovatel'skoj kul'tury na urokah informatiki v usloviyah perekhoda na novye obrazovatel'nye standarty / Obrazovanie i nauka. 2020. 22(2), 74-80.

4. Krasnova O.V. Metodicheskie podhody k formirovaniyu issledovatel'skoj kul'tury na urokah informatiki v usloviyah cifrovizacii obrazovaniya / Vestnik nauki i obrazovaniya. 2021. 6(2), 51-54.

5. Lysak O.G., Pravdyuk V.N. The technology of developing a theoretical model for the preparation of future bachelors of vocational training based on the formation of natural science mathematical competencies / O.G. Lysak, V.N. Pravdyuk / Scientific Notes of the Oryol State University. - 2016. - No. 1 (70), 214-218.

6. Ratheeswari K. Information Communication Technology in Education / Journal of Applied and Advanced Research, 2018, 3(S1), 45-69.

7. Popova A. A. Formirovanie issledovatel'skoj kul'tury na urokah informatiki v ramkah proektnoj deyatel'nosti / Novye tekhnologii v obrazovanii. 2022. 18(1), 136-140.

8. Djordjevic-Kajan S., & Milosavljevic B. Forming students' research culture in computer science classes through project-based learning / Journal of Information Technology Education: Research. 2021. 20-39.

9. Barrow L.H., & La H.C. Developing students' research skills through a research-based computer science curriculum / Computer Science Education. 2021. 31(1), 1-22.

10. Akhmetova L.A., & Akhmetov A.R. Methodology for developing research culture among students in computer science classes in modern conditions. Pedagogical Education in Russia, 2021.-86-91.

МЕТОДИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ФОРМИРОВАНИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ КУЛЬТУРЫ СТУДЕНТОВ НА УРОКЕ ИНФОРМАТИКИ

ЕРЕКЕШЕВА М.М.^{1*}, САГИМБАЕВА А.Е.², ҚАЛИ Р.Б.³

***Ерекешева Меруерт Мынтургановна¹** - Кандидат физико-математических наук, доцент, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, г. Ақтөбе, Казахстан

E-mail: myerekesheva@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-4043-5688>

Сағимбаева Айнуір Есенгазыевна² - Доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Казахстан

E-mail: aiya_c@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3258-7558>

Қали Рысты Булатовна³ - Учитель, КГУ гимназия № 51, г. Ақтөбе, Казахстан.

E-mail: Ykali000@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0002-5738-4271>

Аннотация. Целью исследования в данной статье является теоретическое обоснование формирования исследовательской культуры школьников-информатиков и методических особенностей создания системы исследовательских задач. Организация и дальнейшее развитие исследовательской работы школьников является одной из основных форм творческой работы со школьниками. Это требует использования современных информационных технологий, обеспечивающих доступ к специализированным базам данных и источникам информации по теме исследования.

Методы исследования – анализ научных статей, эмпирические методы, метод проектов, методология создания системы исследовательских задач. Метод проектов и метод деятельности обучения являются лучшим решением проблем приобщения, учащихся к науке. Раннее приобщение учащихся к научно-исследовательской деятельности позволяет в полной мере выявить и развить их интеллектуальные и творческие способности. Данные действия могут быть эффективны не только в старших классах, но и в начальной школе.

В результате исследования определены ведущие тенденции формирования исследовательской культуры учащихся, определены оптимальные педагогические условия эффективного формирования исследовательской культуры учащихся на уроках информатики, обосновано формирование исследовательской культуры учащихся на

уроках информатики.

Ключевые слова: исследовательская работа, научный проект, проектный метод, задание проекта, культура исследования, система заданий.

METHODOLOGICAL FEATURES OF CREATING A SYSTEM OF INTERACTIVE TASKS FOR THE ORGANIZATION OF INDEPENDENT WORK OF STUDENTS IN COMPUTER SCIENCE FOR PRIMARY SCHOOL

YEREKESHEVA M.M.^{1*}, SAGIMBAYEVA A.E.², KALI R.B.³

*Yerekesheva Meruert Mynturganovna¹ - Candidate of physico-mathematical sciences, docent, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: myerekesheva@zhubanov.edu.kz, <https://orcid.org/0000-0002-4043-5688>

Sagimbayeva Ainur Yesengazievna² - Doctor of pedagogical sciences, professor, Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

E-mail: aiya_c@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3258-7558>

Kali Rysty Bulatovna³ - teacher, KSU gymnasium No. 51, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: Ykali000@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0002-5738-4271>

Abstract. The aim of the research in this article is the theoretical justification of the formation of research culture of informatics students and methodological features of creating a system of research tasks. It requires the use of modern information technologies that provide access to specialized databases and sources of information on the topic of research.

Research methods - analysis of scientific articles, empirical methods, project method, methodology of creating a system of research tasks. Project method and activity-based method of teaching are the best solutions to the problems of introducing students to science. Early involvement of students in research activities allows to fully identify and develop their intellectual and creative abilities. These activities can be effective not only in high school, but also in elementary school.

As a result of the study, the leading trends in the formation of students' research culture were identified, the optimal pedagogical conditions of effective formation of students' research culture at computer science lessons were determined, and the formation of students' research culture at computer science lessons was substantiated.

Key words: research work, scientific project, project method, project assignment, research culture, assignment system.

ЖАЛПЫЛАНҒАН ФУНКЦИЯЛАР ӘДІСІ БОЙЫНША ТЕРМОСЕРПІМДІ ӨЗЕКШЕНІҢ ДИНАМИКАСЫ

АЙНАКЕЕВА Н.Ж. 

Айнакеева Нұрсәуле Жұматқызы – Ғылыми қызметкер, академик У.Ә.Жолдасбеков атындағы механика және машинатану институты, Алматы қ, Қазақстан.

E-mail: nursaule_math@mail.ru, <http://orcid.org/0000-0003-4643-6072>

Андатпа. Өзек элементтері әртүрлі техникалық салаларда кеңінен қолданылады. Уақытша температура өрісінің өзгерісі өзекті құрылымдарда уақытша өзгеретін кернеу өрісін туындатады, бұл олардың беріктік қасиеттері мен сенімділігін пайдалануда әсер етеді. Өзек конструкцияларының механикалық қасиеттерін, әсіресе серпімділікті, ескере отырып, олардың термонапряжение күйін анықтау маңызды ғылыми-техникалық есеп болып табылады. Математикалық модельдеу әдістерінің қолданылуы құрылым мен оның элементтеріндегі термодинамикалық процестерді зерттеп, жобалау кезеңінде олардың динамикалық және беріктік сипаттамаларын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жұмыста ерікті бастапқы жағдайларда және күш пен жылу әсерінен термосерпімді өзек динамикасына арналған Коши есебі қарастырылады. Термосерпімділік теңдеулерінің Грин тензорын пайдалана отырып, есептің аналитикалық шешімі алынды, бұл өзекшенің кез келген қимасындағы деформацияларды, кернеулерді және температураны анықтауға мүмкіндік береді, егер бастапқы күйі мен әсер етуші күштер мен жылу көздері белгілі болса. Импульстік шоғырланған күш пен жылу көздерінің әсерінен температура мен орын ауыстырулардың сандық есептеулері келтірілген. Өзек бойымен таралатын тұрақты күш пен жылу көздерінің әсерінен Коши есебін шешу үшін есептеулер жүргізілді. Жасалған бағдарлама сингулярлы жалпыланған функциялармен сипатталған таралатын және шоғырланған импульсті жылу және күш көздерінің әсерінен әртүрлі физикалық және механикалық параметрлері бар өзектердегі термодинамикалық процестерді зерттеуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: термосерпімді өзек, температура, орын ауыстыру, кернеу, жалпыланған функция әдісі, Грин тензоры.

Кіріспе

Тарихи тұрғыдан алғанда, тәлімгерлік – үлкен буынның жинақтаған өмірлік тәжірибесін, білімін және шеберлігін жастарға жеткізу дәстүрінің көрінісі. Тәлімгерлік мәселелері әрқашан әлеуметтану, педагогика, психология, экономика және еңбек ұйымдастыру салаларында зерттеушілердің қызығушылығын тудырып келген. Бұл зерттеулердің барлығында ортақ тұжырым – тәлімгердің жұмысқа қанағаттанушылық деңгейін арттыруға, мансаптық өсуді қолдауға, тұлғалық дамуға, өз әрекеттерін рефлексиялауға және өздігінен білім алуға оң ықпал ететіні [1].

Тәлімгерліктің өзектілігі қазіргі білім беру ортасының күрделенуіне, осы ортаға бейімделу үдерісінің қиындауына және білім алушылар арасында әлеуметтік бейімделе алмаудың күшеюіне тікелей байланысты [2].

Көптеген зерттеушілер тәлімгерлікті оқыту, тәрбиелеу, дамыту және кәсіби дайындықтың формасы мен әдісі ретінде сипаттайды. Сонымен қатар, ол тәжірибе, білім және ақпарат алмасу процесі ғана емес, тұлғааралық қарым-қатынас пен ынтымақтастықтың ерекше формасы ретінде көрінеді [3]. Зерттеушілер тәлімгерліктің мәнін пәнаралық көзқарас арқылы қарастырудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Психологияда тәлімгерліктің алғашқы зерттеулері оның жасөспірімдерге есею кезеңінде қолдау көрсететін негізгі қарым-қатынас формасы екенін анықтады. Бұл контексте «тәлімгер» ұғымы «кеңесші», «дос», «ұстаз» ұғымдарымен тығыз байланысты. Тәлімгерлік – шәкіртті қолдап, оны ынталандыру үшін жеке сенімді қарым-қатынас орнатып, нақты мақсатты әрекеттерді жүзеге асыруды қамтиды [4, 15].

Әлеуметтануда тәлімгерлік – тәжірибелі адамның өзінің білімін, біліктілігін және дағдыларын жас буынға жеткізудің маңызды механизмі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, ол жастарға әлеуметтік бейімделу және есею кезеңдерінде кеңес беру мен қолдау көрсету құралы ретінде көрініс табады. Бұл тұрғыда тәлімгерлік – тәлімгер мен шәкірт арасындағы сенімге негізделген тұлғааралық өзара әрекеттесудің ерекше формасы ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік тәжірибені беру мен қабылдаудың маңызды әлеуметтік институты болып табылады [4, 18].

Педагогика саласында тәлімгерлік жас мамандарға кәсіби қызметке бейімделу барысында көмек көрсету процесі ретінде сипатталады. Бұл процесс педагогтардың кәсіби дамуына, педагогикалық шеберлігін арттыруға және олардың оқыту әдістерін үздіксіз жетілдіруге зор үлес қосады.

Менеджментте тәлімгерлік – кәсіби мақсаттарға қол жеткізу үшін шәкірттің әлеуеті мен тәлімгердің тәжірибесін үйлестіре отырып, бағытталған және саналы түрде ұйымдастырылатын процесс [4, 21]. Тәлімгерліктің мәні – өзара сенім мен жауапкершілікке негізделген серіктестік, ол тек тұлғалық өсуге ғана емес, кәсіби дамуға да ықпал етеді. Бұл құрал бизнес-мақсаттарға жетуді, ұйымдық тиімділікті арттыруды, қызметкерлердің мотивациясы мен олардың компаниядағы рөліне белсенді қатысуын қамтамасыз ететін маңызды фактор бола алады. Мұндай қарым-қатынастар психоәлеуметтік қолдау көрсету және мансаптық кеңес беру тұрғысынан бағаланады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Тәлімгерлік моделі — бұл бағдарламаларды жүзеге асырудың жиынтық механизмі, ол формальды және бейформальды қатынастарды қамтиды. Бұл қатынастар тәлімгерлік бағдарламаларын қолдану процесінде нақты шаралар, әдістер мен техникалар арқылы қалыптасады, бұл тәлімгер мен тәлім алушы арасындағы тиімді байланыс пен терең араласуды қамтамасыз етеді. Жоғары оқу орындарындағы формальды бағдарламалар көптеген критерийлер бойынша бір-бірінен айтарлықтай өзгешеленуі мүмкін, мысалы, бағдарламаның мақсаттары, оқу орнының ерекшеліктері және аймақтың мәдени сипаттары.

Көптеген шетелдік университеттерде білім алушылардың академиялық жетістіктерін арттыру мақсатында арнайы тәлімгерлік бағдарламалар әзірленеді. Мұндай бағдарламалар әртүрлі іс-шаралар мен әдістерді қамтиды, мысалы, жобалар, байқаулар, білім алушылардың клубтарының жұмысы және басқа да іс-әрекеттер, олар білім алушылардың дамуына ықпал етеді. Тәлімгерлік бағдарламалар шеңберінде әдетте өзара әрекеттесудің әртүрлі түрлері анықталады, оның ішінде «оқытушы-білім алушы», «оқытушы-оқытушы», «білім алушы-білім алушы», «жұмыс беруші-білім алушы» сияқты байланыстар болады. Тәлімгерлік процесінің негізгі әдісі — қолдауды кезең-кезеңмен азайту мен сүйемелдеу болып табылады. Бұл тәлім алушының дербестігін, өзін-өзі ынталандыруын дамытуға көмектеседі. Тәлімгердің өз белсенділігін біртіндеп азайтуы білім алушыларға шешім қабылдау мен жауапкершілік алу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Нәтижелер және оларды талқылау. Тәлімгерліктің түрлі формалары мен әдістері білім алушылардың кәсіби және жеке дамуында маңызды рөл атқарады. Тәлімгерлік – бұл тәлім алушының жеке немесе топтық деңгейде дамуын қадағалап, оны қолдап, өмірлік тәжірибелер мен білімдерін бөлісетін процесс. Жеке тәлімгерлік формасы тәлім алушыға жеке назар аудара отырып, оның білім алу тапшылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес қолдау көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл тәлім алушының күшті жақтарын дамытып, әлсіз тұстарын жақсартуға мүмкіндік береді. Топтық тәлімгерлік кезінде бір тәлімгер немесе тәлімгерлер тобы бірнеше тәлім алушыға ортақ мақсаттар мен міндеттерді орындауда қолдау көрсетеді. Бұл форма топтық ынтымақтастық пен бірлесіп жұмыс істеудің маңызды дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Ал коллективтік тәлімгерлік бірнеше тәлім алушыға бір уақытта жұмыс істеу арқылы әртүрлі білім

алу тапшылықтарын жоюды көздейді, мұнда әрбір тәлім алушы өз жеке ерекшеліктерімен танысып, топта өзара көмек көрсету мүмкіндігін алады. Онлайн тәлімгерлік қашықтан білім алушыларға интернет-технологиялар арқылы қолдау көрсетуді білдіреді. Бұл тәсіл тәлім алушыларға географиялық шектеулерге қарамастан білім алуға мүмкіндік береді және бұл қазіргі заманның талаптарына сай.

Тәлімгердің жұмысында әр түрлі әдістер қолданылуы мүмкін. Бұл әр түрлі формалар мен нақты жағдайларға байланысты педагогика, әлеуметтік жұмыс, психотерапия, коррекциялық педагогика және басқа да практикалық психология салаларынан алынған әдістерді қамтиды.

Тәлімгерлік қызметінің негізгі әдістеріне мыналарды жатқызуға болады:

–Қызметті ұйымдастыру әдістері – шәкірттің даму жолын басқара отырып, оның тұлғалық және кәсіби жағынан маңызды тәжірибе жинақтауына ықпал ету. Бұл әдіс шәкірттің мақсатты бағытталған жұмысын ұйымдастыруға негізделеді.

–Талқылау және рефлексия әдістері – әңгімелесу, топтық рефлексия сияқты әдістер арқылы алынған тәжірибені бағалап, ой елегінен өткізу. Бұл әдістер шәкірттің өзіндік ойлау қабілетін арттырып, өмірлік тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

–Арнайы жағдайлар мен тәжірибе құру – дамытушы, іс-әрекеттік, коммуникативтік, проблемалық, конфликттік жағдайларды құру арқылы шәкірттің тәжірибесін кеңейту. Бұл әдіс шәкірттің дағдыларын әртүрлі жағдайларда қолдануға, жаңа шешімдер табуға үйретеді.

–Қоршаған орта мен жағдайды ұйымдастыру әдістері – оқушының жеке дамуына әсер ететін кеңістікті дұрыс ұйымдастыру. Бұл, соның ішінде, сабақ берудің жақсы ортада өтуін қамтамасыз ету, физикалық кеңістікті онтайландыруға да қатысты.

–Диагностикалық-дамыту және бақылаушы бағалау әдістері – «қатысушы бақылау», әңгімелесу, сауалнамалар мен социометрияны қолдану арқылы шәкірттің даму деңгейін бағалау. Бұл әдістер шәкірттің даму деңгейін анықтап, оның күшті және әлсіз тұстарын ашуға көмектеседі.

–Топтағы қарым-қатынасты басқару әдістері – топ ішіндегі қатынастарды тиімді ұйымдастырып, өзара ынтымақтастықты арттыру. Бұл әдіс әлеуметтік дағдыларды дамытуға және топтық жұмысқа ынталандыруға мүмкіндік береді.

–Нетворкинг әдісі – өзара байланыс орнату арқылы әлеуметтік серіктестермен қарым-қатынас орнату. Бұл әдіс шәкірттерге өз саласындағы кәсіби мамандармен танысуға және болашақта қызметке орналастыру мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

–Жеке мотивацияны арттыру және фасилитациялау әдістері – шәкірттің өз мақсатына деген ынтасын және уәжін күшейту. Бұл әдіс шәкірттің білім алуға деген мотивациясын арттырып, өзін-өзі дамыту жолын ашуға көмектеседі.

–Жеке үлгі көрсету – тәлімгердің өзін-өзі дамыту, кәсібилік және өмірлік стратегиялар бойынша жақсы үлгі көрсету. Бұл әдіс шәкірттің тәлімгердің өмірінен үлгі алуға және өз даму жолында жетекшілік етуге мүмкіндік береді.

–Ақпарат беру және нұсқау беру – шәкіртке қажетті білім мен ақпаратты беру, нақты қадамдарды түсіндіру. Бұл әдіс шәкірттің оқу процесін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

–Кеңес беру әдісі – шәкіртке нақты сұрақтар бойынша кеңес беру. Бұл әдіс шәкірттің білім алу процесінде туындайтын мәселелерді шешуге және олардың дамуында көмек көрсетуге бағытталған.

Тәлімгерлік әдістердің әртүрлілігі осы процестің тиімділігін арттырып, әр білім алушының жеке дамуын қамтамасыз етеді. Мұның бәрі білім алушының өзін-өзі тану, білім алу, әрі қарай даму жолында маңызды рөл атқарады [6].

Қорытынды. Жоғары оқу орындарындағы тәлімгерліктің дәстүрлі формалары уақыт талабына сай жаңартылып, білім алушыларға барынша тиімді қолдау көрсету бағытында дамып келеді. Соның айқын көрінісі – менторлық жүйенің енгізілуі. Менторлық жүйе білім алушылардың жеке даму қажеттіліктерін, кәсіби бағыт-бағдар алуға сұраныстарын және

тұлғалық қалыптасу ерекшеліктерін жан-жақты қамтамасыз етуді мақсат етеді. Бұл жүйе әрбір білім алушының жеке қасиеттерін ескере отырып, олардың болашақ кәсіби және өмірлік мақсаттарына жетуіне көмектеседі.

Менторлық дәстүрлі тәлімгерліктен ерекшеленеді, себебі ол тек академиялық үлгерімді бақылаумен шектелмей, білім алушының тұлғалық дамуына, сыни ойлау дағдыларының қалыптасуына, шешім қабылдау қабілетінің артуына және мансаптық жетістіктерге бағытталған қолдау көрсетуге басымдық береді. Менторлар білім алушылармен жекелей, сондай-ақ бірнеше топпен жұмыс істей отырып, тек кеңесші ғана емес, шабыттандырушы рөлін де атқарады. Олар білім алушыларға өзін-өзі дамыту стратегияларын меңгеруге көмектесіп, өмірлік маңызды құндылықтарды бойына сіңіруге жағдай жасайды.

Қазақстанда жоғары оқу орындарында менторлық жүйе енді ғана қалыптасып келеді. Оның алғашқы қадамдары Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде жүзеге асырылды. Осыған орай «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетіндегі менторлар мен менторлық жүйе туралы ЕРЕЖЕ» әзірленіп, сол негізде жұмыс жүргізілуде. Мен осы жүйенің тиімділігін зерттеп, оның білім алушылардың дамуына әсерін талдауды мақсат етемін.

Әдебиеттер тізімі

1. Дудина Е.А. Наставничество как особый вид педагогической деятельности: сущностные характеристики и структура // Вестник Новосибирского государственного педагогического университета. 2017. Т. 7. № 5. С. 25-36. DOI: [10.15293/2226-3365.1705.02](https://doi.org/10.15293/2226-3365.1705.02)
2. Ball E, Hennessy C. De-mystifying the Concept of Peer Mentoring in Higher Education: Establishing Models for Learning. In C. Woolhouse, L.J. Nicholson (Eds.), Mentoring in Higher Education - Case Studies of Peer Learning and Pedagogical Development. 2020. P. 17-38. DOI: [10.1007/978-3-030-46890-3_2](https://doi.org/10.1007/978-3-030-46890-3_2)
3. Нугуманова, Л.Н. Наставничество как современная модель повышения квалификации педагогов в дополнительном профессиональном образовании/ Л.Н. Нугуманова, Г.А. Шайхутдинова, Т.В. Яковенко // Проблемы современного педагогического образования. 2019. № 64-3. С. 182-185.
4. Бутакова Н.С. Наставничество как форма работы / Н.С. Бутакова // Наставничество XXI века: сборник статей по итогам Региональной научно-практической конференции. – Омск: БПОУ «Омский педагогический колледж №1», 2021. – 70 с.
5. Никитина В.В. Роль наставничества в современном образовании/Текст научной статьи по специальности «Науки об образовании». 2013. -7с
6. Артамонова Е.И., Тесленко О.В. Наставничество как проявление качества профессиональной подготовки будущего преподавателя вуза // Педагогическое образование и наука. 2022. № 3. С. 13-24. DOI: [10.56163/2072-25242022-3-13-24](https://doi.org/10.56163/2072-25242022-3-13-24)

References

1. Dudina E.A. Nastavnichestvo kak osobyj vid pedagogicheskoy deyatel'nosti: sushchnostnye harakteristiki i struktura // Vestnik Novosibirskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta. 2017. T. 7. № 5. S. 25-36. DOI: [10.15293/2226-3365.1705.02](https://doi.org/10.15293/2226-3365.1705.02)
2. Ball, E., Hennessy, C. De-mystifying the Concept of Peer Mentoring in Higher Education: Establishing Models for Learning. In C. Woolhouse, L.J. Nicholson (Eds.), Mentoring in Higher Education - Case Studies of Peer Learning and Pedagogical Development. 2020. P. 17-38. DOI: [10.1007/978-3-030-46890-3_2](https://doi.org/10.1007/978-3-030-46890-3_2)
3. Nugumanova, L.N. Nastavnichestvo kak sovremennaya model' povysheniya kvalifikacii pedagogov v dopolnitel'nom professional'nom obrazovanii/ L.N. Nugumanova, G.A. SHajhutdinova, T.V. YAkovenko // Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovaniya. 2019. № 64-3. S. 182-

185.

4. Butakova N.S. *Nastavnichestvo kak forma raboty* / N.S. Butakova // *Nastavnichestvo XXI veka: sbornik statej po itogam Regional'noj nauchno-prakticheskoy konferencii*. – Omsk: BPOU «Omskij pedagogicheskij kolledzh №1», 2021. – 70 s.

5. Nikitina V.V. *Rol' nastavnichestva v sovremennom obrazovanii/Tekst nauchnoj stat'i po special'nosti «Nauki ob obrazovanii»*. 2013. -7s

6. Artamonova E.I, Teslenko O.V. *Nastavnichestvo kak proyavlenie kachestva professional'noj podgotovki budushchego prepodavatelya vuza* // *Pedagogicheskoe obrazovanie i nauka*. 2022. № 3. S. 13-24. DOI: [10.56163/2072-25242022-3-13-24](https://doi.org/10.56163/2072-25242022-3-13-24)

РОЛЬ НАСТАВНИЧЕСТВА В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ

ТОГАЙБАЕВА А.К. , МҰХАЕВА Т.С. 

Тогайбаева Айгулден Кадировна – Кандидат педагогических наук, доцент кафедры общей педагогики и педагогики и менеджмента в образовании, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г Ақтөбе, Казахстан.

E-mail: aikat_76@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2071-9536>

***Мухаева Токжан Серікқалиқызы** – Магистрант, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г Ақтөбе, Казахстан.

E-mail: toka.mukaevaa@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-2841-7621>

Аннотация. В статье всесторонне рассматривается влияние системы наставничества в высших учебных заведениях на профессиональное и личностное развитие обучающихся. Процесс наставничества оказывает положительное влияние не только на академические успехи студентов, но и на их социальную адаптацию, помогает чувствовать себя уверенно в учебной среде. Анализируются особенности различных форм наставничества — индивидуального, группового и онлайн — и их эффективность. Каждая из форм отвечает на определённые потребности студентов и способствует раскрытию их потенциала. Также в статье подчеркивается вклад менторской системы, которая не ограничивается академической поддержкой, но также играет важную роль в развитии критического мышления, принятии решений и личной ответственности. Автор с помощью конкретных примеров доказывает важность наставнических методов и инструментов для личностного роста и достижения профессиональных целей студентов. Непрерывность и надёжность наставнических отношений способствуют росту самооценки, мотивации и чёткому определению карьерного направления обучающихся. Особо подчёркивается значение установления доверительных отношений между наставником и студентом как фактора повышения качества образования в вузах.

Ключевые слова: наставничество, высшее образование, профессиональное развитие, личностный рост, академические успехи, социальная адаптация, ментор.

THE ROLE OF MENTORSHIP IN HIGHER EDUCATION

TOGAIBAYEVA A.K. , MUKHAEVA T.S. 

Togaybaeva Aigulden Kadirovna – Candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Department of General Pedagogy and Pedagogy and Education Management, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: aikat_76@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2071-9536>

***Mukhaeva Tokzhan Serikkalikyzy** – Master's student, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: toka.mukaevaa@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0008-2841-7621>

Abstract. The article comprehensively examines the impact of the mentoring system in higher education institutions on students' professional and personal development. The mentoring process not only enhances students' academic achievements but also positively affects their social adaptation and helps them feel more confident in the educational environment. The article analyzes various forms of mentoring—individual, group, and online—and their effectiveness. Each form addresses specific student needs and helps unlock their potential. The contribution of the mentoring system is also highlighted, emphasizing that it goes beyond academic support to play a vital role in developing critical thinking, decision-

making, and personal responsibility. Through concrete examples, the author demonstrates the significance of mentoring tools and methods in fostering students' personal growth and achieving professional goals. The continuity and reliability of mentoring relationships contribute to improved self-esteem, increased motivation, and clearer career orientation. The article particularly emphasizes the importance of establishing a trusting relationship between mentor and student as a key factor in enhancing the quality of education in higher institutions.

Key words: mentorship, higher education, professional development, personal growth, academic success, social adaptation, mentor.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

НУРФАЙЗОВА Г.У.¹ , ДАВЛЕТКАЛИЕВА Е.С.² 

***Нурфайзова Гаухар Утягалиевна¹** - Гуманитарлық ғылымдар магистрі, Ақтөбе Жоғары политехникалық колледжі, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: gokha.90@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0005-1288-8021>

Давлеткалиева Елизавета Султановна² - Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, директор, Ақтөбе облысы бойынша «Эрудит» әдістемелік орталығы, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: ydavletkaliyeva@inbox.ru, <https://orcid.org/0009-0007-2678-8667>

Андатпа. Бұл мақала ағылшын тілі сабағында интербелсенді әдістерді қолданудың тиімділігін көрсетуге арналған. Бұрыннан келе жатқан дәстүрлі сабақты жаңашылдықтармен ауыстыру үшін біраз еңбек пен уақыт қажет. Оқытудың белсенді, белсенді емес және интербелсенді деп аталатын түрлері бар. Қазіргі қоғам заманауи білім беріп белсенді әдістерді қолдануды қажет етеді. Білім берудің жаңартылған бағдарламасы бойынша интербелсенді сабақ құрылымы дәстүрлі сабақ құрылымынан өзгеше, ол мұғалімнің тәжірибесі мен кәсібилігін талап етеді. Жалпы интербелсенді оқытуды ұйымдастыру өмірлік тәжірибе мен рөлдік ойындарды, сонымен қатар, әртүрлі мәселелерді талдай отырып, ортақ шешімге келу болып табылады. Оқу процесін белсендіруде топтық жұмысты пайдаланудың маңызы өте зор. Мақалада интербелсенді әдістердің келесі түрлері қарастырылды: диалогтік оқыту, сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары, бағалау әдіс-тәсілдері және әртүрлі жастағы білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып ағылшын тілі сабағында оқуды саралау әдістері. Аталған интербелсенді әдістердің артықшылықтары анықталып, зерттеу нәтижелері оқытушыларға өз сабақтарында білім алушылардың белсенділігін арттыру мақсатында қолдануға ұсынылады. Қазіргі жаңартылған оқу бағдарламасы аясында оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдерін түрлендіре отырып, тиімді жолмен қолдану арқылы әр студенттің өз қабілетіне қарай қолжетімді білімді алуына жол ашуға болады.

Түйін сөздер: интербелсенді әдістер, диалогтік оқыту, сын тұрғысынан ойлау, қалыптастырушы бағалау әдіс-тәсілдері, оқуды саралау стратегиялары

Кіріспе. «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатқан кезде оның мұғалімдігі де жойылады» деп К.Ушинский айтып өткендей, сабақты жаңа әдістермен түрлендіріп өткізу заман талабы. Ол үшін жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді сабаққа енгізу қажет.

Интербелсенді әдістер дегеніміз – білім алушылар арасында жақсы қарым-қатынас орната отырып, білім беру процесін жақсарту болып табылады. Өйткені, жұптық және топтық жұмыстар көбірек ұйымдастырылады. Ол бәлем алушылардың әртүрлі ортада өздерін еркін ұстап, ойларын ашық айтуға дағдыландырады. Интербелсенді әдістердің диалогтік оқыту, сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары, бағалау әдіс-тәсілдері және әртүрлі жастағы білім алушылардың қажеттіліктерін ескере оқуды саралау әдістерін атап айтуға болады.

Білім саласындағы кез-келген зерттеушілердің ұсынған тұжырымдамалары тәжірибемен дәлелденіп ұсынылады. Солардың бірі Виготский айтып өткендей, оқу процесінде басты рөл атқаратыны – сөз бен сөйлеу. Оның ұсынған «Жақын арадағы даму аймағында» әдісі білім алушыларды танымдық жағынан дамытуға үлес қосады. Бұл әдісте деңгейі төмен білім алушыларға басқалардың қолдау білдіруі арқылы жақсы қарым-қатынас қалыптасып, білім беру процесі алға қарай жылжиды. Осыған сүйене отырып, диалогтік оқытудың қаншалықты маңызды екендігін көруге болады [1].

Александрдің Диалогтік оқыту теориясына сәйкес, көзбен көріп, ауызша ақпаратпен алмасу білім алушылар қарым-қатынасын жақсартып қана қоймай, дәйектеу дағдыларын шынықтырады[2].

Осы орайда білім алушылар арасында диалогтік оқытуды көбірек қолдану көптеген жетістіктерге апаратын жол екенін көрсететін дәлелдемелер аз емес. Өйткені екі студент берілген мәселені зерттеуде бір-бірімен ақылдасып, талқылайтын болса жақсы нәтиже көрсете алады. Біреуі күмән келтіріп отырған мәселеге екінші адам басқаша көзқараспен қарауы мүмкін. Бұл жерде бір-бірімен ой алмаса алады, сөйлеу де орын алады.

Блэк пен Уильямның зерттеу жұмыстарында «қара жәшік» әдісін қолдану көрініс табады.

Олар бұл әдісті ұсына отырып, оқыту процесіне енгізуді қажет ететін бес факторды ұсынады:

- Білім алушылармен тиімді кері байланыс ұйымдастыру;
- Олардың өз бетімен оқуға деген белсенділіктерін арттыру;
- Сабақты меңгеру нәтижелерге қарай сабақты түрлендіру;
- Бағалаудың білім алушылардың жаңа нәрсе үйренуге деген құлшынысы мен өзін өзі бағалауына түбегейлі әсер ететіндігін түсіну;
- Білім алушылардың өз білімдерін қалай жетілдіру керектігін айқындау үшін өздерін өздері бағалай алуына мүмкіндік беру және білім алушылардың бір-бірін бағалау арқылы бірге тығыз жұмыс жасау дағдыларын арттыру [3, 53].

Фриманның айтуы бойынша дарынды және талантты балалар төмендегідей қабілеттерімен ерекшеленеді:

- олардың есте сақтау қабілеттері өте жақсы;
- алған ақпаратын бірден қолдана алады;
- оқу процесін біле отырып, өздерінің оқуын реттей алады.
- алдарына қойған жоспарларын әп сәтте жүзеге асырады;
- ақпараттың мәнін тез ұғады [4].

Бұл аталған қабілеттерді ескере отырып, дарынды және талантты балаларға өзгелерден күрделірек жаттығулар деген пікір қалыптасқан.

Эйр, Виготский мен Катцтың зерттеулер бойынша міндет қою арқылы тапсырма беру білім алушыларды жайлылық аймағынан шығып жұмыс істеуге итермелейді делінген.

Эйр пікірінше, оқу жоспарын жасаған кезде әдетте қолданылып жүрген әдістерге үнемі өзгеріс енгізіп отыру қажет.

Ғалымдардың зерттеулерін ескере отырып және де дәлелдемелерін негізге ала отырып, мен өз сабақтарымда топтағы балалардың жас ерекшеліктерін қоса алғанда талантты да дарынды балаларды оқытуға үлкен мән бере бастадым. Әсіресе балалардың танымдық дамуына баса назар аудару қажет деп есептеймін [3, 72].

Танымдық даму – білім алушының оқу және берілген мәселелерді шеше алуы болып саналады. Бұл жерде балалардың зейініне, сөз сөйлеу дағдыларына, ойлауына, негіздеу және шығармашылық зияткерлік сияқты қабілеттеріне баса назар аударылу қажет деген сөз.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Интербелсенді әдістердің келесі түрлері бар.

Диалогтік оқытуда оқушылар пікірталас, талқылау, бірігіп тапсырма орындау арқылы білім алады.

Сыни тұрғыдан ойлауда білім алушылар бақылау, толғану және пайымдау нәтижесінде алынған ақпаратты ұғынып, бағалап, талдайды[3,45].

«Бағалау» ұғымы «жақын отыру» деген мағына білдіретін латын тілінен енген сөз.

Бағалау дегеніміз білім алушы басқаның не айтып, не жасағанын немесе өз-өзін бақылау арқылы өзінің жеке ойлау қабілетін, түсініктерін бақылауы болып саналады [3, 52].

Оқу үшін өздерін бағалау дегеніміз - білім алушылардың өздерінің қандай деңгейде тұрғанын, қандай бағытта даму қажеттігін және оған қалай қол жеткізу керек екендігін анықтау үшін олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру процесі болып саналады [3, 53].

Нәтижелер және оларды талқылау.

Жұптық жұмысты жүзеге асыруды диалогтік оқытудың маңызы зор.

Диалогтік оқытуды мен өз сабақтарымда жиі қолданып тұрамын. Әсіресе шетел тілін үйренуді шағын диалогты құраудан бастайтынымыз көпшілікке аян.

Мәселен, мен диалогтік оқытуға «**Кейс – стади**», «**Дауыстап ойлау**», «**Ыстық орындық**» және «**Жалғасын тап**» әдістерін қолдандым.

«**Жалғасын тап**» әдісі жаңа сабақты бекітуде қолдануға өте ыңғайлы әдіс.

Бұл әдісті қолданудағы мақсатым - оқушыны жылдам ой қорытуға баулу болатын. Бұл әдісті жаңа сабақты бекіту үшін 206 ИС тобында «Шет тілі» пәнінде қолдандым. Алдымен 10 студентті тақтаға шақырдым. Өз еркімен 10 студент тақтаға шықты. Олардың әрқайсысына суреті мен жазуы жазылған парақ ұсынылды. Парақ беттерінде жазылған сөздер:

as slow as a turtle (масбақа секілді жәй), as black as coal (мұнай секілді қара), as red as a beet (қызылша секілді қызыл) as sweet as honey (бал секілді тәтті), as clumsy as a bear (аю секілді қолапайсыз).

Парақтарды таңдап алған соң олар аудиторияға қарап тұрады. Қалған отырған 10 студент сөйлем жазылған үлестірме қағаздарды таңдап алады. Тапсырма: отырған студенттер тақтадағы парақ бетіндегі суреті бар сөздерге қарап, суреттердің көмегімен сөйлемнің жалғасын табулары қажет. Сол мезетте тақтадағы студенттер оқылған сөйлемдерді тыңдау арқылы сөйлемнің өздеріне қатысы бар ма әлде жоқ па екендігін анықтай алулары қажет. Яғни, бір-бірінің жұбын табу керек болды.

Үлестірме қағаздарда жазылған тарсырма мен сөйлемдер:

Task: Fill in the suitable expressions

1. *Your father is so unemotional, he is*
2. *He got embarrassed and he was*
3. *Katty and Susan have got six children and they are always*

Бұл тапсырма студенттер үшін өте қызықты болды және аса қиындық туғызған жоқ деп есептеймін. Ең шапшаң студенттер 5-ке оқымаса да суретке қарап отырып бірден өз жұптарын көріп жауап беруге тырысты. Ең бірінші дайын болған студент қол көтеріп сөйлемді оқыған кезде, тақтада тұрған студенттер мұқият тыңдап өзіне қатысты болған студент *It's me* деп бірден біліп, бірінші болып жауап беріп қойып жатты. Жұбын тапқан соң сөйлемді оқыған студент тақтадағы жұбын қолынан ұстап отырғызады. Бұл әдіс студенттерге бір жағынан көтеріңкі көңіл күй сыйлады деп ойлаймын, сабақтың соң жағында қолданылса да, сергіту сәтіндей болды.

(Оқу үлгерімі төмен, сабақ кезінде жауап бере алмаған Б..... студенттің пікірі бойынша: Маған бұл тапсырма қатты ұнады, бірақ жауап бере алмай қалдым. Келесі сабақта осындай тапсырма болса мен қандай бағытта дайындалып келсем болады?)

Топта жалпы белсенділігі төмен, білгенін айтуға ұялатын тұйық студенттер өте көп. Солардың бірі Дильназ деген студент болатын. Бұл тапсырмада оның көңілді эмоциясы білінді. Ол өзінің сөйлемін қашан оқитынын асыға күткендей мұқият тыңдап тұрды.

Бұл әдісті қолдану кезінде оқушының көңіл-күйі бірден өзгереді, логикалық ойлауы дамиды және жылдам ой түйіндейді.

Оқытудың бұл әдісін кері байланыс орнату үшін де қолдануға болады деп есептеймін.

206 ИС тобында «Шет тілі» сабағында үй жұмысын тексеру үшін «Ыстық орындық/Hot chair» әдісін қолдандым. Бұл әдіске толығырақ тоқталуды жөн көрдім. Бұл әдіс арқылы білім алушылардың қаншалықты деңгейде үй тапсырмасын орындағандықтарын байқауға болады. Ол үшін топтағы ең үздік студенттердің бірі Забиров Дмитрий тақтаға шақырылды. Оның міндеті – топтағы кез-келген оқушыны «Ыстық орындыққа» отыруға шақырып әрқайсына екі сұрақтан қою. Ең маңыздысы – олар өз еркімен шығулары керек болатын. Оқушы ортадағы орындыққа отырып қойылған сұрақтарға мүмкіндігінше шапшаң жауап берулері қажет болады.

Бұл тапсырмаға 206 ИС тобында 8 студент шыққан болатын. Сабақтың тақырыбы: “Technical shortenings” болды.

Бірінші студентке қойылған сұрақтар: What is an abbreviation? What technical abbreviations can you name?

Екінші студентке қойылған сұрақтар: Can you decipher the UK and USA? Mobile in full form?

Үшінші студентке қойылған сұрақтар: Technical shortenings in the sphere of Sport? Is it correct: telly is a short form of television?

Ең бірінші болып жауап берген студент Бекзат болды. Ол үнемі сабаққа үлкен дайындықпен келетін студент болғандықтан, барлық сұраққа әрі тез әрі дұрыс жауап берді. Екінші болып, Нұрбол жауап берді. Ол айтарлықтай шапшаң емес, бірақ дұрыс жауап бере алды. Үшінші болып деңгейі төмен студент Никита жауап берді ол ұзақ ойланды, кейбір сұрақтарға жауап бере алмады, кейбіреулерге дәптерге қарау арқылы жауап беруге тырысқандығын білдірді. Яғни басқалардан қалмау үшін талпыныс байқалды.

Бұл жерде байқалғаны өзінің құрдасымен диалог болған кезде қандай да болмасын сөйлеу орын алады. Бір сөзді болса да ауызша айту арқылы оқушылар сөйлеу дағдыларын дамытады. Ең бастысы сұрақ қою кезінде өзара ашық пікірлесетіндіктері, яғни еркіндік пайда болады. Басқалар жауап беріп жатқанда солар сияқты болу үшін де бір қызығушылық пайда болады. Бұл келесі сабақта байқалды. Жауап бере алмаған студенттердің көпшілігі әлдеқайда жақсы дайындықпен келгендіктерін көрдім.

(Келесі сабақтағы А.... студенттің ұсынысы: бүгін де өткен сабақтағыдай «Ыстық орындық» ойыны болама? Жақсы дайындықпен келген едім.)

Бұл тәсілде диалогтік оқытумен қатар көшбасшылық, сыни тұрғыдан ойлау модульдері қамтылады.

Сонымен, диалогтік оқыту әдісін қолдану арқылы білім алушылар деңгейінің өсетіндігін аңғардым. Бұл әдіс деңгейі төмен оқушыны деңгейі жоғары оқушы арқылы алға қарай жетелеуге көмектесті. Диалогтік оқыту басқалардың ойымен санасып, басқаны мұқият тыңдауға да үйренеді.

Бұл әдісті топтағы алғашқы сабақта қолдану арқылы оқушылардың қандай деңгейде екендігін бірден анықтауға көмектесетіндігі анықталды. Диалогтік оқытуды алдағы уақытта сабақтарда жиі қолдану қажеттігін ұйғардым.

Аталған нәтижелер студенттерді оқыту мен оқу үдерісінде диалогтік оқытуды қолдану қажеттілігінің өзекті екендігін көрсетеді.

Интербелсенді әдістердің ішінде сын тұрғысынан ойлау стратегияларын енгізудің де айтарлық нәтиже беретіні анықталды.

Өз тәжірибемде мен студенттердің сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту мақсатында бірқатар интербелсенді әдістерді қолдандым.

Бұл әдістерді қолдану дәстүрлі оқыту әдістерінен әлдеқайда өзгеше екендігі білініп тұрды. Жаңа әдісті қолдану студенттерге жан-жақты әсер ете алды. Сабақта бұрынғыдан өзгеше атмосфера қалыптасты.

Өзімнің тәжірибемде «Миға шабуыл», «Ашық микрофон» сияқты әдістерді қолдандым. Бұл әдістерді қолданғаннан кейін студенттердің сабаққа деген ынтасы ояна бастағанын байқадым.

Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын өз тәжірибеме енгізгеннен кейін бірқатар оң өзгерістер байқалды. Атап айтатын болсам:

1. Студенттер ширақ ойлауды үйренді;
2. Студенттер қосымша сұрақтар қоятын болды;
3. Студенттердің белсенділігі артты;
4. Студенттер мақсатқа жұмыс жасауды үйренді [5].

Бұлардың дәлелдемесін төменде қолданған әдістің нәтижесінен көруге болады.

Мәселен, 102 С тобында «Шет тілі» сабағында «Миға шабуыл» әдісін қолдандым. Сабақтың тақырыбы: «Analysing and describing phobias and frightening situations» болды.

Бұл әдіс қолданған күннен бастап менің жиі қолданатын әдістерімнің біріне айналды. «Миға шабуыл» әдісін мен жаңа тақырыпты суреттер көмегімен табу кезінде қолдандым. Экранда тақырып бойынша суреттер берілді. Тақырып «Қорқыныш түрлерін сипаттау мен талдау және қорқынышты жағдайлар» болғандықтан тақырыпты табу аса қиын болған жоқ. Алайда тапсырма студенттердің назарын бірден сабаққа аударуға, ойлау қабілеттерін дамытуға өте жақсы әсер етті.

Одан кейін сабақтағы жаңа сөздердің мағынасын табу мақсатында сын тұрғысынан ойлау модулін қолданған болатынымын. Алдымен студенттерге жаңа сөздер ағылшын тіліндегі анықтамаларымен берілді. Анықтамалар жалпы сөздің мағынасын сөздікті қолданбайқ табуға көмектеседі. Бірақ кейбір таныс емес сөздер қиындық туғызғандықтан студенттерге видео ұсынылды. Видеоны қарай отырып студенттер сыни-тұрғыдан ойлау арқылы жаңа сөздердің мағынасын бірден тауып жатты.

Берілген жаңа сөздер төмендегілер болатын:

Aviaphobia - is a fear of flying

Bathophobia - is a fear of the bottom of pools

Acrophobia - is a fear of heights

Brontophobia - is a fear of thunder and lightning

Phasmophobia - is a fear of ghosts.

Әдетте дәстүрлі оқытуды жаңа сөздермен танысқан кезде студенттерге ағылшын тіліндегі жаңа сөздер түпнұсқадағы сөз, оның транскрипциясы(дұрыс оқылуы) және аудармасы, кей жағдайда сөйлемдегі қолданылуы мысал ретінде беріліп жатады. Яғни, сөздер аудармасымен дайын күйінде беріледі. Бұл жерде студенттер ешқандай ойланбайды, дайын сөздерді жазып алады. Дайын сөздер дәптерге түскеннен кейін есте қалмауы да мүмкін.

Ал берілген сөздің мағынасын зерттеп, сыни тұрғыдан ойлап, мағынасын табуға тырысып, одан кейін көзбен видео арқылы көріп оны өз ойымен салыстырып, аудармасын тапқаннан кейінгі жағдай мүлдем басқаша болады екен. Ол сөздердің мағынасын үлкен еңбекпен тапқаннан кейін студенттер бойында бір жағынан сенімділік пайда болады, ия мен таба аламын, жасай аламын деген және де келесі тапсырманы орындауға құлшыныс пайда болады екен. Бұл сабақ кезінде байқалды. Бұл сабақ барысында сын тұрғысынан ойлауды қолданудың қаншалықты өзекті екендігін аңғартады.

(Сабақтағы студенттердің пікірлері бойынша: жаңа сөздердің мағынасын табу басында қиын болып, біраз ойлануға уақыт кеткенімен, видеоны көргеннен кейін түсінікті болды, және есте жақсы сақталады екен...)

Келесі қолданған әдісім «**Ашық микрофон**» әдісін де атап өтуге болады.

«Ашық микрофон» әдісін мен 102 С тобында «Шет тілі» сабағының жаңа тақырыпты бекітуге арналған тапсырмаларды орындау кезінде қолдандым. Бұл жерде студенттер берілген мәтінге сұрақтар дайындайды. Ең бірінші болған студент қол көтеріп өзі таңдаған студентті орнынан тұрғызып сұрағын қояды.

Бұл тапсырмада әрине деңгейі жоғары студенттер шапшаңдық танытты. Кейбір студенттер темпераментіне қарай жауап беріп жатты. Бұл жерде екі студент арасында диалог орын алатындықтан жауап дұрыс болмаса да студенттер ойларын ашық айтуға мүмкіндік ала алды. Мысалы: топтағы Әзиз деген бала ағылшын тілінде дұрыс сөйлей алмайды. Ол сұрақты түсінбегендіктен сұрақтың орысша баламасын сұрады. Сұрақ түсінікті болғаннан кейін ол ағылшынша толық жауап бере алмай, ағылшынша бастап сөйлемнің жартысын орыс тілінде айтып жауабын ұсынды. Жауап қанағаттанарлықсыз болса да, студентте талпыныс пайда болғанын көруге болады.

Егер де бұл тәсіл жиі қолданылатын болса басқа оқушылар да сын тұрғысынан ойлауға

дағдыланады.

Жалпы бұл әдісті қолданған кезде көп жағдайда оқушыға сұрақ қойылады, мәселені зерттеу арқылы студенттер ой-өрістерін дамытады, ойларын еркін жеткізеді.

Бұл әдістің нәтижелілігін көргеннен кейін алдағы уақытта жиі қолдануды ұйғардым. Өзіме де ұнады. Сабақ барысында ерекше атмосфера қалыптасты. Алдағы сабақтарда оқытудың басқа да түрлерін қолданып, нәтижесін салыстырып, тиімділіктерін зерттеуді қолға аламын.

Қалыптастырушы бағалау әдіс-тәсілдерін енгізудің артықшылықтары.

«Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау» әдісін мен өз тәжірибемде қолдандым.

Ол үшін маған бірнеше тәсілдер көмектесті. Мәселен, «Қара жәшік» ішіндегі жұмыс, «Екі дұрыс, бір бұрыс» тәсілі, «Бес саусақ» әдістерін т.б. қолдандым.

Мен сабақ барысында жоспарлау, оқыту және бағалау үдерістерін тиімді кіріктіре алдым деп есептеймін. Өйткені оның нәтижелерін көрдім.

«Қара жәшік» ішіндегі жұмысты алатын болсам, бұл әдіс оқушының өзін-өзі бағалауын дамытуға бағытталған.

Оның тиімділігі - оқушының оқуға деген ынтасы мен өзін-өзі бағалауына ықпал етеді.

102 С тобында «Шет тілі» сабағымда «**Phonetic drill**» деп аталған тапсырмада студенттер 'f' және 's' дыбыстарымен басталатын сөздерді топтарға бөлу керек болатын. Бағалау критерийі бойынша студенттер өздерін-өздері бағалай алады. Яғни, барлығын дұрыс орындағандар «5» деген баға алады, екі қате жібергендер «4» деген баға алады, ал үш қатеден көп жібергендер тапсырманы қайтадан байқап көруге мүмкіндік алады. Бірақ дұрыс орындаған жағдайда да жоғары балл ала алмайды.

science	photo	phobia
phone	psychologist	psychedelic
folder		

Start with sound 'f' _____

Start with sound 's' _____

Бұл тапсырма мұқият болуға үйретеді және студенттердің өз деңгейлерін өздері анықтауға мүмкіндік береді.

Осы топта «A serious case» деп аталатын мәтінмен жұмыс жасаған кезде студенттерге бірдей үш тапсырма берілген болатын.

1-ші тапсырма бойынша, студенттер тақырып бойынша жаңа терминдерді табулары қажет, 2-ші тапсырма бойынша, мәтін бойынша берілген сөйлемдердің дұрыс немесе бұрыс екендігін анықтау болса, 3-ші тапсырма бойынша, мәтінге бес сұрақ құрастыру. Бұл берілген үш түрлі тапсырмада студенттер өз қабілеттеріне қарай жауап беріп жатты. Солардың ішінде өте жақсы жауап бергендерді студенттердің әрқайсысы аңғарып отырды. Тапсырма аяқталған соң жауап беру деңгейіне қарай студенттер бір-бірін салыстырмалы түрде оңай бағалай алды. Бұл тапсырманы берудің алдында олардың бір-біріне баға беретіндіктері айтылған болатын. Бұл тапсырма бойынша, студенттердің бір-бірін бағалаулары бойынша ең жоғары балл алғандар: Әзиз, Әлихан, Азамат және Дмитрий болды.

Келесі 206 ИС тобында «Шет тілі» сабағында кері байланысты орнату мақсатында және студенттердің сабақты қаншалықты меңгергендіктерін тексеріп, өздерін бағалауға мүмкіндік беру үшін сабақ соңында kahoot.it платформасында тест тапсырмасын бердім.

Бұл тапсырмада Рукшнайте Данилдің жолы болды деуге болады. Ол сабақта аузыша ойын жеткізе алмайды, сол себептен де үнемі ештене түсінбегендей кейіп танытатын. Ал бұл тестті орындаған кезде алдыңғы партаға отыруды сұранып, соңында өте жоғары нәтиже көрсетті.

Былайша айтқанда, таң қалдырды. Бұдан шығатын түйін: сабақты оқытудағы тәсілдерді түрлендірген сайын оқушылар бойындағы өзгерістерді, олардың не нәрсеге қабілеті жоғары екендігін анықтауға болады.

(Студенттердің пікірлері: тапсырма өте қызықты өтті, сабақты түсініп отырғанымызбен қаншалықты меңгеріп, есте қалғанын тексеруге жақсы мүмкіндік алдық)

Бұл тапсырмада студенттер бірден кім қаншалықты тестке жауап бергендіктерін экраннан көре алады және өздеріне баға береді. Бұл кері байланыс орнату үшін де, студенттердің өздерін бағалауға мүмкіндік беру үшін де өте ыңғайлы әдіс болып саналады. Ең бастысы өте қызықты өтеді. Бұл әдісті әр студент компьютерде жеке отырып та, ұялы телефонмен де орындауларына болады. Сонымен бірге жұппен және топпен орындалатын жұмыстарда да бұл әдісті қолдануға болады.

Бір жағымсыз тұсын атап өтсем, бұл тапсырмада кейбір студенттер уақытпен жауап беріп үлгеру үшін немесе сұрақтың жауабын білмеген жағдайда ойша жауап беріп, жоғары ұпай алып жататындығы да бар.

Жалпы бұл әдісті мен өз тәжірибемде бірнеше жылдан бері қолданып келемін. Қай сабақта қолдансам да өте жақсы нәтиже беріп келеді. Студенттер ойынға, телефонға жақын болғандықтан олар үшін бұл ойын өте қызықты көрінеді.

Талпынғандар ғана білім ала алады. Ал олардың талпыныстарын арттыру үшін оқытушы түрлі әдістерді қолданып көргені абзалырақ деп есептеймін.

Сонымен бірге кей жағдайларда студенттерге бір-бірін бағалауға да мүмкіндік беріп тұрған дұрыс. Сол кезде оларда еркіндік пайда болып, ойларын ашық айта бастайды.

Дарынды және талантты балаларды қоса алғанда, түрлі жастағы балалардың қажеттіліктерін ескеру мақсатында ағылшын тілі сабағында оқуды саралау стратегияларын қолданудың артықшылықтары көп.

Оқушылардың танымдық дамуы көбінесе топтық оқыту әдісінде орын алады. Мен өз тәжірибемде 102 С тобында өткен «Шет тілі» сабағында студенттердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, дарынды балаларға тапсырманың күрделілігін кеңейте отырып сабақ жоспарына өзгеріс енгізіп көрдім. Бұл тәсіл студенттерді шағын топтарға бөлу жұмыс жасау арқылы жүзеге асты. Ол ағылшын тілінде Differentiation task деп аталады. Бұл жерде мен дарынды және талантты балаларды қоса студенттердің деңгейіне қарап тапсырма бердім.

Алдымен барлығына ортақ тыңдауға бір ән берілді. Топ студенттердің деңгейіне байланысты үш құрамға бөлініп, әр топқа бөлек тапсырма берілді.

Тапсырмалар:

Activity 1. A-level ss: Listen to the tape recorder and complete the sentences

B-level ss: Listen to the tape recorder, complete the sentences and translate them

C- level ss: Listen to the tape recorder, complete the sentences and say their own opinion about the song

Бұл жерде А дейгейдегі студенттер әнді тыңдап, бос орындарға тастап кеткен сөздерді дұрыс жазулары керек. В дейгейдегі студенттер әнді тыңдап, бос орындарға тастап кеткен сөздерді дұрыс жазғаннан кейін сол сөздерді аударулары тиіс. Ал С дейгейдегі студенттер әнді тыңдап, бос орындарға тастап кеткен сөздерді дұрыс жазғаннан кейін әннің не туралы екендігін және ән туралы өздерінің ойларын ағылшын тілінде айтады.

Қарап отырсаңыз бұл тапсырма студенттердің деңгейлерін ескере отырып берілді және тапсырма деңгейлеріне қарай күрделене түсті.

Берілген әннің мәтіні төмендегідей болды:

Some people have 1) ...

When they are feeling tired or 2)...

But just wear a smile

Because 3) ... is the best.

Suggested Answer Key:

1) long faces, 2) stressed, 3) happiness

Бұл тапсырмада әр топтан деңгейлері шамалас болса да қасындағылардан әлдеқайда қабілеті жоғары студенттер анықталды. Мысалы, бірінші топта Арслан басқаларына қарағанда алғыр екендігі, ойлау қабілеті тез екендігі байқалды. Ол барлығын дұрыс орындап тапсырды.

Екінші топта, барлығы тапсырманы бір мезгілде бастап бірге орындағанымен Олжас бірінші болып тапсырды.

Үшінші топта, Азамат деген бала тапсырманың күрделілігіне қарамастан басқаларға көмектесе отырып тапсырманы бірінші айтуға қол көтерді.

Әр топтан бірінші болып тапсырмаға жауап бергендерге қосымша тағы тапсырма берілді. Ол үшін «Кейс – стади» әдісі қолданылды.

Activity 2. Discussion. Students discuss for the given sentences and express their opinion, share their life experiences with group.

Бұл әдісте 3 студент жоғарыда берілген жағдаяттарды оқып, қалған студенттерге жағдаятты түсіндіруге тырысты. Ол олардың сыни тұрғыдан ойлауларына әсер етті, ой-өрістерін одан әрі кеңейтті, жағдаятты талдау арқылы өздеріне деген сенімділікті арттырды және олар басқаларға үлгі бола білді.

Бұл тапсырманы қосымша берудегі мақсат талантты балалардың танымын одан әрі дамыту, бір жетістікпен шектелмей алға қарай ұмтылуына мүмкіндік беру болатын. Бұл тапсырма арқылы дарынды балалардың зейіні ашылып, сабаққа деген ынтасы арта түскендігін байқадым. Топпен жұмыс жасаған кезде балалардың бір-біріне көмектесуі арқылы олардың бір мақсатқа жету жолындағы талпынысы байқалды. Яғни, олардың белсенділігі артып, бір серпіліс байқалды. Топтық жұмыстың топ құрамын алға жетелейтіндігі көрініс тапты.

Қорытынды. Қорытындылай келе, жоғарыда жасалған тәжірибенің нәтижелеріне сүйене отырып оқытуды дұрыс жоспарлап, оны ұйымдастыруда оқытушы кәсібилігінің қаншалықты маңызды екендігін айқын көруге болады. Жоғарыда аталған оқытудың барлық модульдерін сабақта үйлесімді пайдалана білген абзал. Қарап отырсақ, әр модуль бір-бірімен өте тығыз байланысты. Өйткені барлығын қолданудағы мақсат – біреу, ол сабақ барысында студенттердің тақырыпты меңгеруге қол жеткізуі, оқытушының алдына қойған мақсатына жете алуы.

Қазіргі технология дамыған заманда оқытудың жаңа әдістері мен тәсілдерін түрлендіре отырып, тиімді жолмен қолдану арқылы әр білім алушыны ынталандыра отырып, білімді бойларына оғай сіңіруге берілген мүмкіндіктер тиімді пайдаланған абзал.

Әдебиеттер тізімі

1. Выготский Л.С. Қоғамдағы сана. (Кэмбридж, МА, Гарвард Университетінің Баспасы). 1978.
2. Александер Р. Диалогтік сөйлесуді оқыту: сыныптағы әңгімелесулерді қайта түсіну. Кэмбридж: Диалогос Ұлыбритания. 2004.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. 2016-190 б./ https://school.muscomplexpavl.edu.kz/download/metod_help_teacher/rukovodstvo_teacher.pdf
4. Фриман Ж. Ерекше қабілеттілерді оқыту. Кеңсе тауарлары кеңсесі, Лондон. 1998.
5. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Тараз: ТарМУ, 2003.

References

1. Vygotski L.S. Qoғamdaғы сана. (Kembrij, MA, Garvard Universitetiniñ Baspasy). 1978.
2. Aleksander R. Dialogtik söilesudi oqytu: synyptaғы äñgimelesulerdi qaita tüsinu. Kembrij: Dialogos Ülybritania. 2004.

3. Mūğalımge arnalğan nūsqaulyq. «Nazarbaev Ziatkerlik mektebi» DBBŪ. 2016-190 b./ https://school.muscomplexpavl.edu.kz/download/metod_help_teacher/rukovodstvo_teacher.pdf
4. Friman J. Erekeşe qabilettilderdi oqytu. Keñse tauarlary keñsesi, London. 1998.
5. Būzaubaqova K.J. Jaña pedagogikalıyq tehnologialar. – Taraz: TarMU, 2003.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ НА УРОКЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

НУРФАЙЗОВА Г.У.¹, ДАВЛЕТКАЛИЕВА Е.С.²

***Нурфайзова Гаухар Утягалиевна¹** - Магистр гуманитарных наук, Актюбинский Высший политехнический колледж, г. Актөбе, Казахстан

E-mail: gokha.90@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0005-1288-8021>

Давлеткалиева Елизавета Султановна² – Кандидат педагогических наук, доцент, директор, методический центр «Эрудит» по Актюбинской области, г. Актөбе, Казахстан

E-mail: ydavletkaliyeva@inbox.ru, <https://orcid.org/0009-0007-2678-8667>

Аннотация. Эта статья предназначена для того, чтобы показать эффективность использования интерактивных методов на уроках английского языка. Замена традиционных уроков инновационными требует определенных усилий и времени. Существуют такие типы обучения, как активное, неактивное и интерактивное. Современное общество требует использования активных методов предоставления современного образования. Структура интерактивных занятий по обновленной образовательной программе отличается от традиционной структуры урока, что требует опыта и профессионализма преподавателя. Организация интерактивного обучения в целом предполагает использование реального жизненного опыта и ролевых игр, а также анализ различных проблем и выработку общих решений. Использование командной работы имеет большое значение для активизации процесса обучения. В статье рассмотрены следующие виды интерактивных методов: диалогическое обучение, стратегии критического мышления, методы оценки, а также методы дифференцированного обучения на уроках английского языка с учетом потребностей учащихся разного возраста. Выявлены преимущества данных интерактивных методов, а результаты исследования рекомендованы учителям для использования на своих уроках с целью повышения вовлеченности учащихся. В рамках действующей обновленной учебной программы, путем трансформации и эффективного применения новых методов и подходов обучения, можно создать условия для получения каждым учеником доступного образования в соответствии с его способностями.

Ключевые слова: интерактивные методы, диалогическое обучение, критическое мышление, методы формативного оценивания, стратегии дифференциации обучения

THE EFFECTIVENESS OF USING INTERACTIVE METHODS IN THE ENGLISH LESSON

NURFAIZOVA G.U.¹, DAVLETKALIYEVA E.S.²

***Nurfaizova Gaukhar Utyagaliyevna¹** - Master of arts in humanities, Aktobe high polytechnic college, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: gokha.90@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0005-1288-8021>

Davletkaliyeva Yelizaveta Sultanovna² – Candidate of pedagogical sciences, docent, director, Methodological center «Erudit» of Aktobe region, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: ydavletkaliyeva@inbox.ru, <https://orcid.org/0009-0007-2678-8667>

Abstract. This article is intended to show the effectiveness of using interactive methods in English lessons. Replacing traditional lessons with innovative ones requires certain efforts and time. There are such types of learning as active, inactive and interactive. Modern society requires the use of active methods of providing modern education. The structure of interactive lessons according to the updated educational program differs from the traditional lesson structure, which requires the experience and professionalism of the teacher. The organization of interactive learning generally involves the use of real-life experience and role-playing games, as well as the analysis of various problems and the development of common solutions. The use of teamwork is of great importance for activating the learning process. The article considers the following types of interactive methods: dialogic teaching, critical thinking strategies, assessment methods, and differentiated teaching methods in English lessons, taking into account the needs of students of different ages. The benefits of these interactive methods were identified and the results of the study were recommended for teachers to use in their lessons to increase student engagement.

Within the framework of the current updated curriculum, through the transformation and effective application of new teaching methods and approaches, it is possible to create conditions for each student to receive an accessible education in accordance with his or her abilities.

Key words: interactive methods, dialogic learning, critical thinking, formative assessment methods, learning differentiation strategies

ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ БАСҚАРУ: КӨШБАСШЫЛЫҚ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ ТЕОРИЯСЫ, АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

ТОГАЙБАЕВА А.К. , СЕРҒАЗИНА Н.Н. 

Тогайбаева Айгулден Кадировна - Педагогика ғылымдарының кандидаты, жалпы педагогика және педагогика және білім берудегі менеджмент кафедрасының қауымдастырылған профессоры (доцент), Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: aikat_76@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2071-9536>

***Серғазина Нұрбақыт Нұрболатқызы** - Магистрант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

E-mail: nurbakyt20092003@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0007-9562-2900>

Аңдатпа. Мақалада көшбасшылық және менеджмент терминдеріне анықтама беріліп, олардың айырмашылықтары қарастырылған. Теориялық талдау жасалып, ғалымдардың еңбектерінен ұйымдағы басқарудың маңызы көрсетілген. Мақалада басқару жүйесінің маңыздылығы мен оның тарихи дамуы, сондай-ақ менеджмент пен көшбасшылық ұғымдарының өзара байланысы жан-жақты талданады. Басқарудың бастауы мен эволюциясы, әсіресе қазақ қоғамындағы мемлекеттік басқару тәжірибелері, тарихи тұлғалардың рөлі атап өтіледі. Басқару ұғымының тарихи даму кезеңдерінен бастап, оның негізгі қағидаттары мен функциялары қарастырылады. Сонымен қатар, менеджмент пен көшбасшылықтың ғылым ретінде қалыптасу кезеңдері, олардың негізгі теориялары мен қазіргі заманғы түсініктері сипатталады. Сонымен бірге, менеджер мен көшбасшы ұғымдарының ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталып, олардың ұйымдағы міндеттері салыстырылады. Көшбасшылықтың түрлері мен тұлғалық қасиеттерінің ықпалы талқыланып, көшбасшы мен менеджер арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар сараланады. Білім беру саласындағы көшбасшылық пен менеджменттің өзара үйлесімділігі ұйымның ұзақ мерзімді табысына қол жеткізудің негізгі факторы ретінде қарастырылады. Басқару мен көшбасшылықтың тиімділігі ұйымның алға қойған мақсаттарына жетуіне тікелей әсер етеді. Мақала ұйымды басқарудағы стратегиялық жоспарлаудың, көшбасшылықтың рөлін арттырудың және кәсіби құзыреттілікті дамытудың маңыздылығын түсіндіруді көздейді.

Түйін сөздер: басқару, көшбасшылық, менеджмент, функция, ұйым.

Кіріспе. Қазіргі таңда алдыңғы қатарлы жетекші мемлекеттердің білім беру саласындағы ілгері қарай дамуындағы бірден бір фактор бұл – басқару жүйесі. Жаһандану дәуірінде басқарудың алар орны мен маңызы орасан зор.

Ежелгі пирамидалар, әлемнің небір кереметтері, сәулет ғимараттары, бүгінге жеткен тарихи туындылар басқарудың тиімділігімен салынып, өскелең ұрпаққа мұра болып қалуда. Осы басқарудың арқасында сан ғасырлық даму мен өркендеу үдерісі жүріп келеді. Тарих сахнасына үңілер болсақ, біздің еліміздің басқару туралы ойлары мен жүйесі ғасырлар қойнауынан бастау алады. Қазақ даласындағы хандар мен батырлардың, билер мен болыстардың мемлекеттік басқару жөнінде әркілі кезеңдегі әртүрлі міндеттері мен басқару ойлары өткенімізге үлкен әсер етті және басқарудың дамуына ықпал етті. Ортағасырлық қазақ қоғамындағы басқару жөніндегі өз пікірін мазмұндап, құқық нормаларын бекіткен Тәуке ханның «Жеті жарғысын» мысалға алуға болады. «Жеті жарғы» бұл әкімшілік, азаматтық және қылмыстық құқықтардың нормаларын мазмұндаған құжат яғни қазақтың заңдар мен қарапайым құқық нормаларының алғашқы жазба жинағы болып табылады [1, 10]. «Жеті жарғы» заңдар жинағы арқылы мемлекеттік басқару жоғарғы билік ханның қолына шоғырланды. Ал XVIII ғасырдың ортасында басқару жүйесінің дамуына және еліміздің территориялық иеліктерін қайтаруға өз үлесін қосқан Абылай хан маңызды рөл атқарды. Ол өзінің онжылдық басқару кезеңінде мемлекетте басқару жағынан біраз өзгерістер енгізді. Осы секілді өзінің басқару жүйесін қалыптастырған көптеген тарихи тұлғаларды мысалға алуға болады. Бүгінде іргетасымызды бекітіп, тәуелсіз ел жаңа Қазақстан болуымыз мемлекет ісіндегі

басшылардың басқару қабілетінің арқасында жүзеге асқан.

Басқару қай дәуірде, қай салада болмасын өзінің мәні мен маңызын жоғалтпаған. Басқару өте ерте кезеңдерден белгілі болғанымен жаңа ғылым саласы болып есептеледі. Басқару түсінігінің белгілі бір нақты анықтамасы жоқ, дегенмен басқарудың бүгінде шамамен 150-ден аса түсіндірмесі бар. Жалпы басқару термині ғылым саласындағы «менеджмент» түсінігімен синонимдес. «Менеджмент» термині ағылшын сөзі, оның шығу тегі гректің «манус» - «күш, қол» сөзінен шыққан. Алғашында бұл мал шаруашылығы саласында қолданылған, соның ішінде атты тізгіндеп ұстау, атқа отыруды, меңгеру шеберлігін білдірген. Уақыт өте келе бұл адам қызметінің саласына ауысып, адамдарды басқару, ұйымдастыру мәнін білдіретін болды. Менеджмент ұғымына ағылшын тіліндегі Оксфорд сөздігінде мынадай түсінік беріледі: а) адамдармен қарым-қатынас жасау әдісі, үлгісі; ә) билік және басқару өнері; б) шебердіктің ерекше түрі және әкімшілік дағды; в) басқару органы, әкімшілік бөлігі [1, 13]. «Менеджмент» түсінігінің мазмұнын бірнеше аспектілермен қарастыруға болады:

- Менеджмент - бұл әртүрлі ұйымдардағы адамдарға жетекшілік ету қызметінің түрі, функциясы, басқару.

- Менеджмент – бұл басқару функциясын жүзеге асыруға көмектесетін адамзат білімнің облысы. Бұл ғылыми пән.

- Менеджмент – басқару бойынша жұмыс жасаушылардың әлеуметтік тобы. [2, 6].

«Менеджмент негіздері» курсы бойынша студенттерге арналған американдық оқулықта төмендегідей анықтама берілген: «Менеджмент бұл ұйым мақсаттарына жету үшін адамның материалдық және қаржылық ресурстарды ұтымды пайдалану процесі» [3, 6]. Біздің түсінігіміздегі менеджмент бұл нақты міндеттер мен мақсаттарға қол жеткізу үшін ұйымды жүйелі түрде басқаруға бағытталған ғылыми және практикалық сала. Менеджменттің ғылым ретінде дамуы ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында пайда болып, бірнеше кезеңді басынан кешірген болатын. Экономикалық әдебиеттерде басқару ойының алғашқы қарқыны «тейлоризм» деген ағыммен байланысты екені айтылады [1, 7]. Алғаш рет өндірісті ғылым тұрғысынан басқаруға болатынын айтқан ғылыми менеджмент мектебінің негізін қалаушы Фредерик Тейлор болатын. Америкалық инженер кәсіпорынды басқару ісін өнер ретінде қарастырып, менеджердің артқаратын қызметін бөліп көрсеткен. Фредерик Тейлор «нені жасауды дәл білу және соны арзан, әрі ең тиімді тәсілмен қалай жасауға болатынын білуші» ретінде менеджерді зерттеу нысаны еткен болады. Басқару теориясын рәсімдеуде Фредерик Тейлордың «Ғылыми басқару принциптері» (1911) еңбегінің маңызы зор еді. Басқарудың ғылым ретінде пайда болуына үлкен бизнестің қалыптасуы әсер етті, яғни қазіргі техниканың артықшылықтарын пайдалануға тырысу және жұмысты орындаудың әлдеқайда тиімді тәсілдерін ашуға тырысқан ізденімпаз адамдардың шағын тобының жетістігі болды [4, 7]. Осы теориялардан кейін көптеген ғалымдар өздерінің ғылыми еңбектерін дамытты.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Ғылымда көшбасшылық (leadership) және менеджмент (management) ұғымдары жиі қатар қолданылғанымен, мағыналық тұрғыда айырмашылығы бар. Көшбасшылық — адамдарға ықпал етіп, оларға бағыт беру, мақсатқа ынталандыру мен біріктіру процесі. Ал менеджмент — ұйымды басқару, жоспарлау, ұйымдастыру, бақылау және реттеу қызметтерінің жиынтығы. Айырмашылықтары: көшбасшы эмоциялық ықпал етсе, менеджер құрылымдық тәсілмен басқарады; көшбасшы уәждеу мен шабыттандыруға негізделсе, менеджер тәртіп пен ережені басшылыққа алады; көшбасшылық көбіне формалды емес қатынаста көрінсе, менеджмент — қызметтік деңгейде жүзеге асады. Ұқсастықтары: Екеуі де топты мақсатқа жетелеуге, үйлестіруге бағытталған; екеуінде де шешім қабылдау, жауапкершілік, қарым-қатынас орнату маңызды рөл атқарады.

Зерттеу әдістері (теориялық негізде):

1. Fiedler Contingency Model (Ф.Фидлер моделі): Көшбасшылық стилін (тапсырмаға бағытталған/қатынастық бағытталған) және жағдайға бейімділігін бағалайды.

2. Kurt Lewin Leadership Styles Questionnaire: Студенттің авторитарлық, демократиялық немесе либералды көшбасшылық стилін анықтайды.

3. Bass & Avolio's MLQ (Multifactor Leadership Questionnaire): Трансформациялық, транзакциялық және пассивті көшбасшылық қасиеттерді бағалауға арналған.

4. Социометрия әдісі (Морено): Топ ішіндегі бедел, қарым-қатынас желісі арқылы көшбасшылықтың бейресми деңгейін айқындауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен оларды талқылау (теориялық тұжырымдарға сүйене отырып): 1 курс студенттері – жаңа ортаға енген, әлеуметтік бейімделу кезеңін бастан кешіп жатқан тұлғалар. Теориялық тұрғыдан бұл кезеңде көшбасшылық толық көрінбейді, алайда әлеует бар. Оқу жылының басындағы болжамды нәтижелер (мысал ретінде):

- Fiedler әдісі: студенттердің 60%-ы қатынастық бағыттағы көшбасшылыққа бейім;
- Lewin сұрақнамасы: 50% – демократиялық стиль, 30% – либералды, 20% – авторитарлы;
- MLQ: 65%-ы трансформациялық сипат белгілерін көрсетті;
- Социометрия: 1 топта орта есеппен 1–2 бейресми көшбасшы айқындалды.

Оқу жылының соңындағы өзгерістер (теориялық болжам):

- Демократиялық стильдің үлесі 70%-ға жетуі мүмкін, себебі студенттер ұжымдық жұмысқа бейімделе бастайды;

- Трансформациялық көшбасшылықтың белгілері күшейеді, себебі өзін-өзі көрсету мен жауапкершілік артады;

- Бейресми көшбасшылар саны артады, себебі топтық мәдениет қалыптасады.

Көшбасшылық – тұлғаның ұйымдастыру, бағыттау, ынталандыру қабілетінен тұратын көпаспектілі құбылыс. Жоғары оқу орны — көшбасшылықты дамытуға оңтайлы әлеуметтік орта. Әсіресе 1 курс студенттері жаңа әлеуметтік жүйеге бейімделе отырып, өз қабілеттерін таныта бастайды. Зерттеу әдістері көрсеткендей, оқу жылының басында көшбасшылық әлеует көбіне интуитивті деңгейде байқалса, оқу жылы соңына қарай ол нақты іс-әрекетпен көріне бастайды. Бұл — оқу үдерісінің, оқытушы мен қатарластарының ықпалының нәтижесі. Көшбасшылықты дамыту үшін оқу орнында:

- интерактивті оқыту әдістері,
- студенттік өзін-өзі басқару құрылымдары,
- тренингтер мен жобалар жүйелі түрде енгізілуі тиіс.

Сонымен қатар, көшбасшылықтың біржақты емес, бейімделетін, жағдайға тәуелді процесс екенін ескеру маңызды. Сондықтан оқу ортасы да икемді, қолдаушы, ынталандырушы болуы керек.

Менеджер термині ағылшын тілінен енген сөз, «to manage» деген сөзінен шыққан және басқарушы, меңгеруші, әкімшілік деген ұғымдарды білдіреді. Менеджер «бір нәрсені реттеу, бір нәрсені меңгеру, басшылық ету» деген мағынаны білдіреді. Менеджер ең кең тараған кәсіптің бір түрі ретінде қарастырсақ, әлемде менеджерге қатысты түсініктер әртүрлі және түрліше анықтама береді. Мысалы, америкалықтардың пікірінде менеджерлер өзіне бағынатын белгілі бір қызметкерлердің нақтылы жұмысын ұйымдастырушы адамдар. Ал еуропалықтардың түсінігінше мұндай адамдар қазіргі заманғы тәсілдерді басшылыққа ала отырып, нақты жұмысты реттеушілер. Аспан асты елдерінде менеджерлер бұл жауынгерлер, олардың қатесуге немесе үрейленуіне хақысы жоқ және олар өздерінің жеке мүддесін ұйымның мүддесімен байланыстырып бағындыра білуі тиіс деген түсінік бар. Американдық менеджмент консультанты, тәлімгер П.Друкердің сипаттамасы бойынша менеджер табиғатында екі қызметті атқарады және бұл міндеттер іскер кәсіпорын жұмыскерлерінің ешқайсысында жоқ. П.Друкер бойынша

менеджердің бірінші қызметіне қолда бар ресурстармен «нағыз тұтас» өндірісті бірлік құру жатады. Мысал ретінде менеджерді оркестр дирижеріне ұқсатуға болады. Дирижердің қолында композитор жазған шығарманың партитурасы болады, ол оны тек қарамағындағы адамдарға түсіндіріп берумен ғана шектеледі. Ал менеджер екі міндетті де қатар алады, әрі композитор, әрі дирижер. Ұйымның немесе кәсіпорынның күнделікті жасалынатын іс-әрекеті менеджердің жоспарына сай көз алдына елестетулі, қол жеткізген нәтижелер барынша дерлік үйлестіріліп отыруы тиіс. Дирижер оркестрді қалай тыңдай білсе, дәл солай менеджер де әрдайым тыңдай білуі қажет. Менеджердің екінші қызметіне ситуацияға байланысты кез келген шешім қабылдап, нақты іс әрекетке кіріскенде қабылданған шешіммен бүгінгі талапты ескерумен қатар ұйымның болашағына да көз жүгірте білуі қажет. Сонымен қатар менеджер қызметін көшбасшылықпен байланыстыра аламыз. Қазіргі заманда ұйымдардың табысты жұмыс істеуі үшін көшбасшылық пен менеджменттің үйлесімді жұмыс істеуі өте маңызды. Нортхаус Питердің «Көшбасшылық: теория және практика» еңбегінде «Көшбасшы – бұл адамның ортақ мақсаттарға қол жеткізуі үшін бір топ адамға ықпал ету процесі» деп көрсетеді [5, 38]. 1991 жылы Рост өзінің еңбектерінде 1900-1990 жылдарда жазылған ақпараттарды талдап, көшбасшы терминінің 200-ден аса анықтамасын тапқан болатын. Көшбасшылық анықтамасының даму эволюциясы бірнеше кезеңдерді қамтиды. Алғашында көпшілік көшбасшылықты интуиция деңгейінде ұғынса, XX ғасырдан бастап бұл ұғымды бақылау мен қол астындағы адамдарды өз ыркына көндіру, билікті орталықтандыру деп қабылдады. 1980 жылдары көшбасшылық туралы ғылыми еңбектер саны күрт көбейіп, көшбасшылықтың жан-жақты анықтамалары пайда бола бастады. Кейін келе «көшбасшылық пен менеджмент (басқару) бөлек процестер болып есептеле ме, жоқ па?» деген даулы пікірталас пайда болды және әлі де жалғасуда. Соңғы зерттеулерге назар салатын болсақ, көшбасшылық терминін анықтаудың жаңа әдіс-тәсілдерін даярламай, оның есесіне «бір адамның ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін топқа ықпал ету процесі» деген анықтаманы ерекшелей қарастырады [5. - 36]. Көшбасшылық пен менеджмент, әрқайсысы өз міндетін атқара отырып, ұйымды мақсаттарға жетуге бағыттайды, бірақ олардың функциялары мен тәсілдері әртүрлі. Коттер өзінің менеджмент функциялары мен көшбасшылық функцияларын салыстыратын еңбегінде олардың бір-біріне мүлдем ұқсамайтынын айтады. Менеджменттің негізгі функциясы – ұйымдарды тәртіппен және бірізділікпен қамтамасыз ету болса, көшбасшылықтың негізгі функциясы – ұйымда өзгеріс пен қозғалыс туғызу [5, 46]. Коттермен қоса ғылымда біршама ғалымдар көшбасшылық пен менеджменттің екі түрлі ұғым екендігін алға тартқан болатын. Көшбасшылық туралы зерттеулер сонау грек ойшылы Аристотельден бастау алатын болса, менеджмент негіздері XX ғасырдың индустриялық қоғамның пайда болуына аяқ басар шақта енді. Көшбасшылық пен менеджменттің өзара байланысы мен айырмашылықтарын түсіну, оларды тиімді қолдану – бұл ұйымның ұзақ мерзімді табысының кепілі. Көшбасшылық пен менеджменттің арасында айтарлықтай айырмашылық бар, бірақ олар бірбірін толықтырады. Көшбасшы ұйымның болашағын көріп, оны жүзеге асыру үшін бағытын айқындайды. Менеджерлер болса осы бағытты нақты жоспарлармен жүзеге асырады. Екеуі де ұйымды табысқа жетелейтін маңызды рөл атқарады, бірақ олардың тәсілдері мен жұмыс істеу стильдері әртүрлі. Көшбасшының алға қойған мақсаты мен көрегендігі менеджменттің нақты ұйымдастырылған жұмысы мен бақылауымен жүзеге асады. Егер көшбасшы ұйымды жаңа бағытқа бастаса, менеджерлер сол бағытты жүзеге асыру үшін тиімді жоспарлар құрып, ресурстарды дұрыс бөледі. Екеуінің арасындағы ынтымақтастық пен үйлесім ұйымның дамуы мен жетістігіне кепіл болады. Көшбасшы мен менеджердің рөлі үйлесімді түрде жұмыс істеген кезде, ұйым тек қана нәтижелі болады, сонымен қатар өз қызметкерлеріне де жоғары мотивация мен қолдау көрсетеді. Көшбасшылық ұжымды біріктіріп, күшжігерді ортақ мақсатқа бағыттаса, менеджмент бұл күшті нақты нәтижеге айналдырады. Басқару процесінде менеджменттің атқаратын қызметтері түрліше болған секілді, ұйымда атқаратын қызметіне қарай көшбасшылықтың бірнеше түрін жіктеуге болады. Кейбір ұйымдарда ресми лауазымға

байланысты көшбасшы болып саналса, ал басқа ұйымдарда топ мүшелерінің берген реакциялары шешімімен көшбасшы болып есептеледі. Қазіргі таңда зерттеулер ұсынған екі көшбасшылық түрін назарға аласақ, олар: тағайындалған және жүре пайда болған көшбасшылық. Тағайындалған көшбасшылық бұл ұйымдағы лауазымды иеленуге негізделген көшбасшылық түрі. Біздің өміріміздегі мысалдарды қарастырар болсақ, тағайындалған көшбасшылар – топ басшылары, жетекшілері, бөлім басшылары, директорлар мен әкімшілер. Алайда ескеретін жайт, тағайындалған көшбасшы әрдайым шынайы көшбасшы бола бермейді, таңдалған тұлға белгілі бір жағдайда көшбасшыға тән еместігін көрсетуі мүмкін. Келесі көшбасшылық түрі бұл жүре пайда болған көшбасшылық. Бұл белгілі бір лауазым арқылы берілмейді, ол ұжымдағы қарым-қатынас ұстанымы нәтижесінде пайда болады. Нақтырақ айтқанда тұлғалық қасиеттер: ауызша қарым-қатынас, ұйымдағы өзгелердің пікірін тыңдау, шығармашыл және мотивация беру қабілеттері арқылы көшбасшылыққа қол жеткізеді. Тұлғалық қасиеттерге негізделген ұстанымдар көшбасшылыққа қалай әсер ететіндігі жайында зерттеушілер арасында біраз талас туғызды. XX ғасыр бойы аталған ұстаным жөнінде көптеген зерттеулер жүргізілгенімен, ең сапалы сапаптама ретінде Стогдилдің зерттеулерін назарға алуға болады. Ғалым 1904-1947 жылдары және 1948-1970 жылдар аралығында көшбасшылықта кездесетін тұлғалық қасиеттер зерттеуін талдап, синтез жасайды. Зерттеу қорытындысы бойынша адамның белгілі бір қасиеттерге ие болғанынан көшбасшыға айналмайтыны анықталды. Яғни, бір жағдайдағы көшбасшы басқа ситуацияда міндетті түрде көшбасшы бола алмауы мүмкін. Сонымен қатар Стогдилл өз зерттеулері бойынша көшбасшылықпен тікелей байланысатын тұлғалық қасиеттерді анықтады. Олар төмендегі сипаттамадан тұрады:

- 1) жауапкершілік пен алға қойған міндеттерді орындауға ұмтылу;
- 2) мақсатқа жетудегі жігер мен табандылық;
- 3) тәуекелге бел буу мен проблеманы шешудің өзіндік ерекшелігі;
- 4) әлеуметтік ситуацияларда бастама танытуға ұмтылу;
- 5) өзіне деген сенім мен тұлғалық бірегейлік сезімі;
- 6) шешім мен әрекеттердің салдарын қабылдауға әзірлік;
- 7) тұлғааралық стрессті қабылдауға дайын болу;
- 8) ашулану мен кідірістерге төзуге дайын болу;
- 9) басқа адамдардың мінезқұлықна ықпал ете білу және
- 10) әлеуметтік өзара әрекеттестік жүйелерін белгіленген мақсатқа сай құрылымдау қабілеті

[5, 55].

Бұл тұлға қасиеттеріне негізделген ұстаным ғалымдардың қызығушылығын XX ғасыр бойы туғызып келеді. XX ғасырдың басында тұлғаны ұлы көшбасшы ететін қасиеттің не екенін білу үшін көшбасшының тұлғалық қасиеттеріне терең талдаулар жүргізіліп, теория жасалды. Бұл әзірленген теория «Ұлы адам» теориясы деп танылған болатын. Себебі өз замандарындағы қоғамдық, саяси және әскери көшбасшылар бойында туа бітті қабілеттері мен ерекшеліктері бар екендігі айқын көрініс берді. «Ол тумысынан көшбасшы» немесе «ол көшбасшы болуға жаратылған» деген пікірлерді естіп жатамыз. Мұндай пікірлері айтатын адамдардың көзқарастары бойынша көшбасшы емес адамдардан ерекшелендіріп тұратын белгілі қасиеттер бар. «Ұлы адам» теориясына сәйкес «адамдар осы тұлғалық қасиеттермен бірге өмірге келеді және оны «ұлы» адамдарға тән» деп санады. Дегенмен көшбасшылықтың тұлғалық қасиеттерінің әмбебаптығы XX ғасырдың ортасында зерттеулерде күмән келтірді. Көшбасшы тұлға бойындағы қасиет негізінде емес, қоғамдық ситуациядағы ұйым арасында қарым-қатынас ретінде тұжырымдалды. Алайда зерттеушілер пікірінше көшбасшылыққа байланысты тұлғалық факторлар маңызды болып қала бергенімен, бұл факторларды орын алған ситуацияның талаптарымен салыстырмалы түрде қарастыру қажет. Жоғарыда аталған тұлғалық қасиеттер тек қана көшбасшылықта ғана емес, менеджмент саласында да қолданыста болуы қажет.

Көшбасшылар мен менеджерлердің мінез-құлқында, сондай-ақ оларға тән немесе тән болуы талап етілетін жеке қасиеттері мен дағдыларында айырмашылықтар бар. Көшбасшылар менеджерлерде жоқ қасиеттер мен дағдыларды талап етеді, мысалы, көптеген көшбасшылар харизматикалық. Олар сондай-ақ шабыттандыратын көріністерді жасауда өте шебер. Менеджерлер де көшбасшылар да міндетті түрде өздеріне тән бола бермейтін дағдыларға ие. Олар адамдармен жұмыс жасауға ысылған, және оны өз деңгейінде пайдаланады. Олар жұмысты тапсыра алады және басқаларды ынталандыра алады [6].

Көшбасшылық пен менеджмент ғылымның қай саласында болмасын өзінің айырмашылықтарымен көзге түседі. Білім беру жүйесіндегі көшбасшылық пен менеджмент – бұл екі ұғым өзара тығыз байланысты болғанымен, әрқайсысы өзінің ерекшелігі мен рөлін атқарады. Екеуінің де түпкі мақсаты – білім беру сапасын арттыру және білім алушылар мен қызметкерлер үшін қолайлы жағдай жасау. Ең тиімді жүйеде көшбасшы мен менеджердің рөлі үйлесімді түрде бірігіп, ұжымның дамуына оң әсер етеді. Көшбасшылық адамдарды мотивациялау, оларға шабыт беру және ортақ мақсаттарға жетуге жетелейтін қабілет екенін көрсетеді. Джон Максвелл айтқандай, «Көшбасшылық басқалардың әлеуетін жетілдіру мен оларға әсер етуді анықтайтын қабілет» [7, 9]. Ал менеджмент білім беру үрдістерін орнайтын ресурстарды тиімді бағыттауды көздейді. Білім беру жүйесіндегі көшбасшылық пен менеджментті айырмашылықтарын сараптағанымызбен, олардың оқу ордаларындағы сапаны арттыру, оқушылар мен мұғалімдердің әлеуетін жетілдіру мақсатында маңызды рөл атқарады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, әрбір ұйым өз мақсатына жету үшін тиімді көшбасшы мен мықты менеджментке мұқтаж екені сөзсіз. Көшбасшылық пен менеджмент – бұл ұйымды алға сүйреп, тиімділікті арттыратын маңызды құралдар. Әрқайсысы өз алдына ерекше мәнге ие, бірақ олар үйлесімді жұмыс жасаған кезде ғана ұжымның табысқа жетуін қамтамасыз етеді. Көшбасшылық адамдарды ынталандырып, олардың күш-жігерін ортақ мақсатқа бағыттайды, ал менеджмент өз кезегінде бұл күш-жігерді тиімді ұйымдастырып, нақты нәтижелерге жеткізеді. Көшбасшылық пен менеджменттің арасындағы байланыс – бұл тек теориялық емес, практикалық тұрғыда да өте маңызды біртұтас жүйе ретінде қарастырылады. Олардың үйлесімді жұмысы ұйымның табысқа жетуінің негізгі факторы. Көшбасшылық өзінің болашаққа деген көрегендігімен, шығармашылығымен және адамдарды рухтандыру қабілетімен ұйымды жаңа шыңдарға жетелейді. Ал менеджмент, өз кезегінде, осы мақсатқа жету үшін жүйелі жоспарлар жасап, ұйымның ресурстарын тиімді пайдалана отырып, әрбір қадамды нақты орындауға жауапты болады. Егер көшбасшы ұжымның жүрегі мен жаны болса, менеджер оның миы мен қолы іспеттес. Олардың арасындағы үйлесім мен бірлік – бұл ұйымның дамуы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін ең маңызды күш. Көшбасшылық пен менеджменттің біріккен жұмысын нәтижелі деп нық сеніммен айтуға болады, себебі олардың үйлесімі қысқа мерзімді табыстардан гөрі, ұзақ мерзімді нәтижелерге жетуге бағытталады. Ұйымның болашағы үшін олар өзара бірлесе отырып, тұрақты даму мен жетістікті қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Ахметов К.Ғ., Сағындықов Е.Н., Байжомартов Ү.С., Жүнісов Б.А., Жұмаев Ж.Ж. Менеджмент негіздері - Ақтөбе-Орал: «А-Полиграфия» баспасы, 2005
2. Жакенова Б., Тәмпішева Қ., Максатова Л. Менеджмент негіздері: оқулық (дәрістер курсы). 2-басылым – Астана: Фолиант, 2011
3. Мексон М.Х., Альберт М., Хедоури Ф. Основы менеджмента, 1992
4. Ахтаева Н.С., Әбдіғабарова А.І., Бекбаева З.Н. Басқару психологиясы - Алматы: Бастау баспасы, 2009
5. Нортхаус Питер. Көшбасшылық: теория және практика - Алматы, 2020

6. Ибрагим Шұға. «Көшбасшылар мен менеджерлердің айырмашылығы неде?», 2023: <https://bilimger.kz/137960/>
7. Maxwell, John C., The 21 Irrefutable Laws of Leadership, (Nashville, TN: Thomas Nelson Publishers) 1999.

References

1. Ahmetov K.Ğ., Sağyndyqov E.N., Baijomartov Ü.S., Jünisov B.A., Jūmaev J.J. Menejment negızderi - Aqtöbe-Oral: «A-Poligrafia» baspasy, 2005
2. Jakenova B., Tämpişeva Q., Maqsatova L. Menejment negızderi: oqulyq (därister kursy). 2-basylym – Astana: Foliant, 2011
3. Mekson M.H., Al'bert M., Hedouri F. Osnovy menedzhmenta, 1992
4. Ahtaeva N.S., Äbdıǵabarova A.I., Bekbaeva Z.N. Basqaru psihologiasy - Almaty: Bastau baspasy, 2009
5. Northaus Piter. Köşbasşylyq: teoria jäne praktika - Almaty, 2020
6. İbragim Şūǵa. «Köşbasşylar men menejerlerdiñ aıyrmaşylyǵy nede?», 2023: <https://bilimger.kz/137960/>
7. Maxwell, John C., The 21 Irrefutable Laws of Leadership, (Nashville, TN: Thomas Nelson Publishers) 1999.

УПРАВЛЕНИЕ В СФЕРЕ НАУКИ: ТЕОРИЯ ЛИДЕРСТВА И МЕНЕДЖМЕНТА, ИХ РАЗЛИЧИЯ И АНАЛИЗ

ТОГАЙБАЕВА А.К. , СЕРГАЗИНА Н.Н. * 

Тогайбаева Айгулден Кадировна – Кандидат педагогических наук, доцент кафедры общей педагогики и педагогики и менеджмента в образовании, Актыбинский региональный университет имени К. Жубанова, г Актобе, Казахстан.

E-mail: aikat_76@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2071-9536>

***Сергазина Нурбакыт Нурболатовна** – Магистрант, Актыбинский региональный университет имени К. Жубанова, г Актобе, Казахстан.

E-mail: nurbakyt20092003@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0007-9562-2900>

Аннотация. В статье даются определения терминов «лидерство» и «менеджмент», рассматриваются их различия. Проводится теоретический анализ, показывается значение управления в организации на основе трудов ученых. В статье всесторонне анализируется важность системы управления и ее историческое развитие, а также взаимосвязь понятий менеджмента и лидерства. Отмечаются истоки и эволюция управления, особенно опыт государственного управления в казахском обществе, роль исторических личностей. Рассматриваются этапы исторического развития понятия управления, его основные принципы и функции. Кроме того, описываются этапы формирования менеджмента и лидерства как науки, их основные теории и современные представления. Также определяются сходства и различия понятий менеджера и лидера, сравниваются их задачи в организации. Обсуждается влияние типов лидерства и личностных качеств, анализируются различия и сходства между лидером и менеджером. Рассматривается гармоничное сочетание лидерства и менеджмента в сфере образования как ключевой фактор достижения долгосрочного успеха организации. Эффективность управления и лидерства напрямую влияет на достижение целей организации. Статья направлена на объяснение важности стратегического планирования в управлении организацией, повышения роли лидерства и развития профессиональной компетентности.

Ключевые слова: управление, лидерство, менеджмент, функция, организация.

MANAGEMENT IN THE FIELD OF SCIENCE: THEORY, DIFFERENCES AND ANALYSIS OF LEADERSHIP AND MANAGEMENT

TOGAIBAYEVA A.K. , SERGAZINA N.N. * 

Togaybaeva Aigulden Kadirovna – Candidate of pedagogical sciences, associate professor of the Department of General

Abstract. The article defines the terms leadership and management and considers their differences. A theoretical analysis is made and the importance of management in the organization is shown in the works of scientists. The article comprehensively analyzes the importance of the management system and its historical development, as well as the relationship between the concepts of management and leadership. The origins and evolution of management, especially the practices of public administration in Kazakh society, and the role of historical figures are noted. Starting from the historical development of the concept of management, its main principles and functions are considered. In addition, the stages of the formation of management and leadership as sciences, their main theories and modern concepts are described. At the same time, the similarities and differences between the concepts of manager and leader are identified, and their tasks in the organization are compared. The influence of leadership types and personality traits is discussed, and the differences and similarities between leaders and managers are analyzed. The mutual compatibility of leadership and management in the field of education is considered a key factor in achieving the long-term success of the organization. The effectiveness of management and leadership directly affects the achievement of the organization's goals. The article aims to explain the importance of strategic planning, increasing the role of leadership and developing professional competence in managing an organization.

Key words: management, leadership, management, function, organization.

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ НАШАҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

КАЛИЕВА Г.А.¹, МАХАШОВА П.М.^{2*}, СЕМБАЕВА Г.П.², МАКАШЕВА О.М.³

Калиева Гулжан Абузаровна¹ – Педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан

E-mail: guljan_81.15@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-7747-6993>

***Махашова Патима Менлибаевна**² – Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

E-mail: mahashova1964@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-8967-6282>

Сембаева Гульзат Пернебековна² – Педагогика және психология магистрі, аға оқытушы, М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз қ., Қазақстан

E-mail: Sembraeva-77@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-3267-9225>

Макашева Орынкуль Менлибаевна³ – Аға оқытушы, Алматы гуманитарлы-экономикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

E-mail: makasheva80@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0007-2888-7626>

Андатпа. Мақалада жасөспірімдер арасындағы нашақорлық мәселесі психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қарастырылады. Зерттеуде жасөспірімдер арасында нашақорлықтың таралуына ықпал ететін негізгі себептер мен факторлар, соның ішінде әлеуметтік, психологиялық - педагогикалық аспектілер талданады. Ерекше назар бастапқы профилактика мәселелеріне аударылып, теріс әсерлерге төзімділікті қалыптастыру, салауатты өмір салты саласындағы білім деңгейі туралы хабардарлығын арттыруға арналған.

Мақаланың негізгі мақсаты – жасөспірімдердің есірткіні қолдану себептерін анықтау және нашақорлық дертін алдын-алуын қарастыру. Нашақорлықтың пайда болуы мен динамикасындағы психологиялық факторлар мен механизмдері жан-жақты талданған. Жасөспірімдердің нашақорлықты есірткіні жүйелі қолданудан туындаған аурулар және психиканың реактивтілігі мен физиологиялық тәуелділіктің өзгеруінен, сондай-ақ кейбір басқа психологиялық және әлеуметтік құбылыстардан көрінетін ресми наркологияның позициясында көрініс тапты. Нашақорлықтың және психотроптық заттарға тәуелділіктің алдын алу стратегиясы тәуекел факторларын азайтуға немесе ауруға сезімталдықты төмендететін факторларды күшейтуге бағытталған.

Зерттеудің негізгі бағыты есірткі заттарының фармакологиялық әсеріне, физиологиялық процестердің динамикасына және заттарды жүйелі қолдану нәтижесінде жеткіншектің соматикалық өзгерістері пайда болады. Білім беру мекемелерінде және отбасында жүргізілетін алдын алу жұмыстарының заманауи тәсілдері қарастырылады.

Түйін сөздер: фармакологиялық, профилактикалық, бихевиоралдық тәсіл, когнитивтік, транзактілік талдау, агрессия, негативизм.

Кіріспе. Жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары қабылданды. Бұл жоспар жергілікті атқарушы органдардың профилактикалық жұмыстарын күшейтуді көздейді. Сонымен қатар, «Дені сау ұлт» ұлттық жобасы аясында нашақорлықтың алдын алу, емдеу және оңалту шаралары іске асырылуда [1].

Аталған заңдар мен бағдарламалар жасөспірімдер арасында есірткіге тәуелділіктің алдын алу және онымен күресуде кешенді шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Нашақорлық адамның психотроптық заттарға тәуелділігін қалыптастыратын психикалық және физикалық бұзылуларды білдіреді. Бұл тұлғаның ой санасын өзгертіп, асқинулар мен қауіпті ауруларға әкеледі. Нашақорлық бүгінгі балаларды алдағы өміріне, денсаулығына және қадір-қасиетін жоғалтуына әкеп соғады. Есірткі-бұл дененің табиғи процестеріне кедергі келтіретін және көңіл-күйге, сезімге, қабылдауға әсер ететін зиянды заттар болып табылады. Жастар арасында есірткіге әуестіктің алдын алу, нашақорлықты емдеу, оның таралуы мен

пайдалануын ауыздықтау мәселелерін зерттеулермен Ш.Е. Жаманбалаева, Е. Алауханов, Ә. Бахаудинов, Е. Нұсқабаев, Ж.С. Бейсенов М. Тұрғынбекұлы т.б. айналысып жүр. Десек те, жастар арасындағы нашақорлықтың таралуының алдын алу мәселелері Біріккен Ұлттар Ұйымының есірткілік заттардың таралуына тиым салу жұмыстарымен арнайы айналысатын халықаралық комитетінің жыл сайынғы есептерінде қарастырылып отырады.

Жасөспірім психологиясының даму кезеңінде тәуелділіктің әр түрлі формалары тұрақты және өзекті тақырып болып табылады. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасындағы девиантты мінез-құлықтың пайда болуының негізгі себептерінің бірі: отбасы тәрбиесінің дұрыс ұйымдастырылмауы: Алкоголь мен есірткіге тәуелділік- орта мектеп оқушыларының психологиялық проблемасы [2, 290].

Нашақорлық мәселелері бойынша әртүрлі көзқарастары бар. Дегенмен, көптеген тәжірибешілер нашақорлықты емдеуде сәтті болды. Көбінесе емдеудің сәтті болуы үшін әдіс емес, дәрігердің жеке басы маңызды. Одан да маңыздысы – дәрігер мен пациент арасындағы байланыс, дәрігердің есірткі қабылдайтын адамға «жету» қабілеті және кез-келген дәлелдердің көмегімен оны одан әрі есірткіден бас тартуға мәжбүр ету. Жұмыс белгілі бір жоспар бойынша құрылған, онда есірткіні қолдануға азғырудан бастап, жасөспірім нашақор болған кезде қайғылы және қорқынышты нәтижелерге дейінгі барлық маңызды сәттер көрсетілген.

Қазақстан Республикасында жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың алдын алу мәселесі бірнеше заңнамалық және бағдарламалық құжаттармен реттеледі. Бұл бағытта маңызды құжаттардың бірі – Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, онда есірткі өндірісі мен таратқаны үшін, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды есірткі саудасына тартқаны үшін жазаны қатаңдататын өзгерістер енгізілген. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы балалардың денсаулығына зиян келтіретін әрекеттерден, соның ішінде есірткі заттарын қолданудан қорғауға бағытталған.

Қазіргі таңда әлем жастардың психоактивті заттарды тұтыну жағдайына көп алаңдаушылық білдіреді. Жастар арасында ең танымал зат-каннабисті тұтынып, салдарынан медициналық зардаптарға көбірек ұшырап жатады [3, 3].

Нашақорлық – бұл жер шарындағы барлық дерлік елдерге әсер ететін халықаралық мәселе. Денсаулықтың, өлімнің, осы теріс пайдаланумен байланысты әлеуметтік мәселелердің көптеген мәселелері психоактивті заттар, белгілі бір адам және қоршаған орта арасындағы күрделі өзара әрекеттесудің нәтижесі болып табылады. Тұтынушы есірткіні қолданудың барған сайын еріксіз болуына әкелетін күшті психоактивті әдетті (тәуелділікті) дамытады.

Білім беру мекемелері көптеген профилактикалық іс-шаралар өтетін негізгі әлеуметтік институт болып табылады. Сондықтан, жасөспірімдерді есірткі құралдарына тәуелді болмаудың алдын алу мақсатында дене шынықтыру және спорт дамытып, патриоттық тәрбие беруге баулу керек [4, 32].

Ұзақ уақыт бойы нашақорлықты зерттеушілердің негізгі бағыты есірткі заттарының фармакологиялық әсеріне, физиологиялық процестердің динамикасына және заттарды жүйелі қолдану кезіндегі жалпы денсаулыққа бағытталған. Есірткіні қолдану проблемасы физиологиялық проблема ретінде ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік жағдайда есірткіге жүгінетін адамның проблемасы ретінде қарастырылуы керек [5, 13-16.].

Бұл жағдайда профилактикалық, емдік және оңалту жұмыстары жаңа мазмұнға, демек, жаңа мүмкіндіктерге ие болады. Тәжірибеде көрсеткендей, мәселені түсіну оны шешуді қиындатады, бірақ кешіктірілген нәтижелердің көрсеткіштерін едәуір арттырады. Сонымен, нашақорлық белгілі бір әлеуметтік-мәдени контексте есірткі қабылдайтын адамның проблемасы ретінде қарастырылады. Бұл ретте қоғам, әлеуметтік және мәдени орта нашақорлыққа жауап бере отырып, «нашақорлық» мінез-құлық түріне өз реакцияларымен «ендіріледі».

Ғылыми жаңалығы. Бұл зерттеуде жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың

психологиялық-педагогикалық аспектілеріне кешенді талдау жасалып, оның алдын алудың тиімді әдістері ұсынылады. Зерттеу барысында жасөспірімдердің есірткіге тәуелділікке бейімділігін анықтайтын әлеуметтік-психологиялық факторлар жүйеленіп, бастапқы профилактиканың жаңа тәсілдері қарастырылады. Алынған нәтижелер білім беру мекемелерінде және отбасында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған нақты ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Нашақорлық мәселесіне негізгі психологиялық тәсілдер психологиядағы жетекші бағыттар мен ең дамыған теориялар төңірегінде топтастырылған.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Бірінші біз нашақорлық мәселесіне қатысты психологиялық-педагогикалық зерттеулерге талдау жүргіздік. Нашақорлық мәселесін қарастыруда негізгі психологиялық тәсілдерге келесі бағыттарды атап өтуге болады:

1. Бихевиоралдық тәсіл. Бұл бағыттың өкілдері адамның әлеуметтік ортасының оған үздіксіз ықпал ететінін алға тартады.

2. Когнитивтік тәсіл. Бұл тәсіл адам мен оның өмірлік жағдайлары арасындағы күрделі өзара байланыстарды ашуға көмектеседі. Алайда оның өкілдері кейбір адамдардың өз мінез-құлқының себебін өзінен іздейтінін, ал басқалары – сыртқы факторлардан көретінін нақты түсіндірмейді.

3. Транзактілік талдау. Көптеген зерттеушілер нашақорда бір эго-күйдің басым екенін болжайды, көбінесе бұл – бала күйі, немесе бір эго-күйдің екіншісімен «залалданғанын» көрсетеді. Нашақорлық белгілі бір рөлдерді қамтитын «ойын» ретінде де қарастырылуы мүмкін.

4. Жүйелік тәсіл. Жүйелік тәсіл тұрғысынан алғанда, нашақорлық әртүрлі табиғаты, деңгейі және динамикасы бар элементтерден тұратын жүйелік кешен ретінде қарастырылады.

Зерттеудің келесі бағыты бойынша жасөспірімдердің есірткіге тәуелділігінің қалыптасуына ықпал ететін мотивтендіруші факторларды қарастырдық. Оларға мыналар жатады:

1. Жасөспірімдердің есірткіге тәуелділігінің әлеуметтік факторлары.

2. Жеке және психологиялық факторлар.

Біз бұл факторлар белгілі бір уақытта жасөспірімнің есірткіге тәуелділігінің қалыптасуына әкелетінін және оны елемеу мүмкін еместігін анықтап, жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың бастапқы профилактикасының ұғымын, стратегиясын және мақсаттарын қарастырдық.

Зерттеу барысында нашақорлыққа қарсы күресті жалпыұлттық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді деген қорытындыға келдік.

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеу нәтижелері жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың психологиялық-аспектілерін жан-жақты талдауға және оның алдын алу шараларын айқындауға мүмкіндік берді. Алғашқы кезеңде жасөспірімдердің есірткіге тәуелділігін қалыптастыратын негізгі психологиялық бағыттар анықталды. Атап айтқанда, бихевиоралдық, когнитивтік, транзактілік және жүйелік тәсілдердің әрқайсысы нашақорлықтың пайда болу себептері мен даму механизмдерін түсіндіруде маңызды рөл атқаратыны белгілі болды.

Екінші кезеңде жасөспірімдердің есірткі қолдануға бейімділігін арттыратын мотивтендіруші факторлар анықталды. Олардың ішінде әлеуметтік орта әсері, психологиялық ерекшеліктер, тұлғалық мәселелер, өзін-өзі бағалаудың төмендігі және қолдау тапшылығы басты орын алады. Бұл факторлардың жиынтығы белгілі бір жағдайда есірткіге тәуелділіктің қалыптасуына әкелетіні анықталды.

Үшінші кезеңде нашақорлықтың бастапқы профилактикасының тиімді стратегиялары анықталды. Алдын алу шараларының кешенді түрде жүзеге асырылуы, яғни білім беру мекемелерінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жүргізілуі, отбасының рөлі мен қоғамның

белсенді қатысуы маңызды факторлар ретінде танылды.

Жалпы, зерттеу нәтижелері жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың алдын алу үшін кешенді тәсілдер қолданудың маңыздылығын көрсетті. Бұл үдеріс мемлекеттік құрылымдар мен қоғамдық ұйымдардың үйлестірілген іс-әрекетін талап етеді.

Жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың алдын алу мәселері алынған мәліметтер бойынша, психологиялық-педагогикалық аспектілерді ескере отырып, жасөспірімдер арасындағы нашақорлықтың пайда болуына әлеуметтік орта, тұлғалық ерекшеліктер және психологиялық факторлар тікелей әсер ететіні анықталды. Әсіресе, жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауының төмендігі, отбасы мүшелерінің назарынан тыс қалуы және әлеуметтік қолдаудың жоқтығы олардың есірткіге тәуелділікті бастауына ықпал етеді.

В.С.Битенский зерттеуі бойынша нашақорлықтың себептері – жасөспірімнің айналасындағылармен және қоғамдық институттармен дұрыс емес қарым-қатынасында жатыр [6, 13-16].

Бұл себептер тек өмірлік жағдайлар арқылы, кейде кездейсоқ түрде байқалады. Жасөспірімнің психофизиологиялық ерекшеліктері осы себептердің әсерін тежейді немесе жеңілдетеді, яғни наркотикке деген қызығушылықтың пайда болуына себепші болады.

Бірқатар факторлар балаларды алкоголь мен нашақорлық салдарынан есірткіні жүйелі қолданудан туындаған ауруларға да әкеледі. Жасөспірімдерге тәуелділіктің даму қаупін төмендететін қорғаныс факторларының күшін бағалау да маңызды. Өйткені тәуекел және қорғаныс факторларына қоршаған ортаның ерекшеліктері (үй, оқу ортасы, қоғаммен қарым-қатынас ерекшеліктері) және биологиялық алғышарттар (генетика, жыныс, жас, тіпті этнос) жатады. Жасөспірімдік кезеңнің басты міндеті – есею, яғни өзін-өзі тану, дүниетаным мен моральдық құндылықтарды қалыптастыру. Бұл міндет қоғамдық өмірдің тұрақсыздығымен, ескірген нормалардың бұзылуымен қиындайды. Болашаққа жоспар құрудың мәні жоғалады, себебі жасөспірімдер ертеңгі күнге сенімсіз. Бұл қоғамдағы тұрақсыздық, балалар мен үлкендер арасындағы дағдарыс, олардың бір-бірінен алыстауы мен қарым-қатынасындағы дағдарысты тудырады. Осылайша, жасөспірімдер өздеріне дұрыс бағыт көрсете алмай, көбінесе жастар субмәдениетіне тартылады. Олар үшін топтың маңызы артып, отбасы екінші орынға шығады. Жасөспірімдердің нашақорлығына эксперименттік-психологиялық зерттеу жүргізу үшін мынадай гипотеза ұсынылды: жасөспірімдердің нашақорлығының алдын алудың анықталған әдістері жасөспірімдердің нашақорлығын төмендетуде оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеуге келесі міндеттер қойылды:

- нашақорлықтың себептері мен жағдайларын анықтау;
- жасөспірімдердің есірткіні қолданудың себептерін зерттеу;
- жасөспірімдердің нашақорлығының психологиялық және әлеуметтік аспектілерін талдау;
- мектептегі нашақорлықтың психологиялық - педагогикалық профилактикасының рөлін анықтау.

Зерттеу 2023 жылғы 1-25 ақпан аралығында жүргізілді. Біздің зерттеуіміздің эксперименттік негізі 8 «А» (15 ұл және 13 қыз) және 10 «В» (17 ұл және 13 қыз) екі сынып оқушылары болды. Біздің эксперименттік жұмысымыз анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттер жүргізу болды.

I. Анықтау экспериментінің кезеңі бойынша жүргіздік.

- 1) Басс-Дарки сауалнамасы;
- 2) Э. Хаймның жеке копинг-стратегияларын айқындау әдістемесі;
- 3) Девиантты мінез-құлыққа бейімділікті диагностикалау әдістемесі;
- 4) Есірткі заттарын пайдалану және жасөспірімдердің оларға қатынасы туралы мәліметтер алуға бағытталған сауалнама.

1. Агрессивтілік пен дұшпандық көрсеткіштерін анықтау үшін Басс-Дарки сауалнамасы қолданылды (1-қосымшаны қараңыз). Бұл агрессивтілік пен дұшпандық реакцияларды диагностикалауға арналған жеке сауалнама. Ол субъект «Иә» немесе «жоқ» деп жауап беретін 75 мәлімдемеден тұрады. Әрбір мәлімдеме агрессивті немесе дұшпандық реакциялардың сегіз индексінің біріне жатады:

- 1) физикалық агрессия (шабуыл) – басқа адамға қарсы физикалық күш қолдану;
- 2) жанама агрессия-айналма жолдармен басқа адамға бағытталған агрессия (өсек, қатыгез әзілдер), сондай-ақ ешкімге бағытталмаған агрессия-айқайлау, аяқпен таптау, үстелге жұдырықпен ұру түріндегі ашуланшақтық жарылыстары (бағдарланбау және тәртіпсіздікпен сипатталады);
- 3) тітіркенуге бейімділік – аздап қозған кезде ашуланшақтық, айқындық, дөрекілік танытуға дайын болу;
- 4) негативизм-әдетте билікке немесе басшылыққа қарсы бағытталған оппозициялық мінез-құлық шарасы; бұл мінез-құлық пассивті қарсылықтан қалыптасқан заңдар мен әдет-ғұрыптарға қарсы белсенді күреске дейін өсуі мүмкін;
- 5) реніш-айналасындағыларға деген қызғаныш пен жеккөрушілік, шынайы немесе ойдан шығарылған азап үшін бүкіл әлемге ашулану сезімімен шартталған;
- 6) күдік-айналасындағылар зиян келтіруге ниетті деген сенімге негізделген адамдарға деген сенімсіздік пен сақтық;
- 7) ауызша агрессия - жағымсыз сезімдерді форма (жанжал, айқай, айқай) арқылы да, ауызша жауаптардың мазмұны (қорқыту, қарғыс, ант беру) арқылы білдіру;
- 8) кінә сезімі-зерттелушінің дұрыс емес әрекеттер жасайтын жаман адам екеніне сенімі. Сауалнама нәтижесінде алынған деректер 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1. 8 «А» сынып оқушыларының агрессивті және дұшпандық реакцияларының әртүрлі формаларының көрсеткіштерін диагностикалау нәтижелерінің жиынтық кестесі

№	Агрессивті реакциялар (физикалық, жанама, ауызша агрессия, тітіркену)		Дұшпандық реакциялар (негативизм, реніш)	
	Норма	Нормадан жоғары	Норма	Нормадан жоғары
1	–	+	+	–
2	+	–	+	–
3	–	+	+	–
4	–	+	+	–
5	+	–	+	–
6	+	–	+	–
7	–	+	+	–
8	–	+	+	–
9	–	+	+	–
10	+	–	+	–
11	–	+	+	–
12	+	–	+	–
13	+	–	+	–
14	–	+	–	+
15	+	–	+	–
16	+	–	+	–
17	–	+	+	–
18	–	+	+	–
19	–	+	+	–
20	–	+	+	–
21	+	–	+	–

Педагогика-Педагогика-Pedagogy

22	–	+	+	–
23	+	–	+	–
24	+	–	+	–
25	–	+	+	–
26	+	–	+	–
27	–	+	+	–
28	+	–	+	–

Осылайша, осы сыныпта агрессивті реакциялар (физикалық, жанама, ауызша агрессия, тітіркену) нормадан жоғары (яғни агрессивті мінез-құлықтың көрінісі оларға тән) 15 адам анықталды, олардың ішінде бір адамда дұшпандық реакциялар (негативизм, реніш) де нормадан жоғары.

Кесте 2. 10 «Б» сынып оқушыларының агрессивті және дұшпандық реакцияларының әртүрлі формаларының көрсеткіштерін диагностикалау нәтижелерінің жиынтық кестесі

№	Агрессивті реакциялар (физикалық, жанама, ауызша агрессия, тітіркену)		Дұшпандық реакциялар (негативизм, реніш)	
	Норма	Нормадан жоғары	Норма	Нормадан жоғары
1	+	–	+	–
2	–	+	+	–
3	–	+	+	–
4	–	+	–	+
5	–	+	+	–
6	+	–	+	–
7	+	–	+	–
8	–	+	+	–
9	–	+	+	–
10	–	+	–	+
11	+	–	+	–
12	–	+	+	–
13	–	+	+	–
14	+	–	+	–
15	–	+	+	–
16	–	+	+	–
17	+	–	+	–
18	+	–	+	–
19	+	–	+	–
20	–	+	+	–
21	–	+	+	–
22	+	–	+	–
23	–	+	+	–
24	–	+	+	–
25	+	–	+	–
26	–	+	–	+
27	+	–	+	–
28	+	–	+	–
29	–	+	+	–
30	–	+	+	–

Осылайша, осы сыныпта агрессивті реакциялар (физикалық, жанама, ауызша агрессия, тітіркену) нормадан жоғары (яғни агрессивті мінез-құлықтың көрінісі оларға тән) 18 адам анықталды, олардың үш оқушысында дұшпандық реакциялар (негативизм, реніш) де нормадан жоғары.

Кесте 3. 8 «А» және 10 «Б» сынып оқушыларының агрессивті және дұшпандық реакцияларының әртүрлі формаларының көрсеткіштерінің жиынтық кестесі


Реакцияның түрлері	8 «А» сынып				10 «Б» сынып			
	Норма		Нормадан жоғары		Норма		Нормадан жоғары	
	Адам саны	%	Адам саны	%	Адам саны	%	Адам саны	%
Агрессивті реакциялар (физикалық, жанама, ауызша агрессия, тітіркену)	13	46	15	54	12	40	18	60
Дұшпандық реакциялар (негативизм, реніш)	27	96	1	4	27	90	3	10

Осылайша, 8 «А» сыныбында 15 адам (бұл оқушылардың жалпы санының 54% құрайды) және 10 «Б» сыныбында 18 адам (бұл оқушылардың жалпы санының 60% құрайды) анықталды, олардың агрессивті реакциялары нормадан жоғары (яғни агрессивті мінез-құлық көрінісі оларға тән). Олардың ішінде 8 «А» сыныбының бір адамында (бұл оқушылардың жалпы санының 4% құрайды) және 10 «В» сыныбының үш оқушысында (оқушылардың жалпы санының 10% құрайды) дұшпандық реакциялар қалыптыдан жоғары.


2. Стресспен күресудің жеке стилін анықтау үшін Э. Хаймның жеке күресу стратегияларын анықтау әдісі қолданылды (2-қосымшаны қараңыз). Оны өнімсіз мінез-құлық үлгілерін де, жеке ресурстарын да диагностикалау үшін пайдалануға болады. (Когнитивті күрес стратегиялары) 10, екіншісі (эмоционалды күрес стратегиялары) 8, үшіншісі (мінез-құлықты жеңу стратегиялары) – 8 мәлімдемеден тұрады. Әрбір мәлімдеме белгілі бір күрес стратегиясымен байланысты. Егер сауалнамаға қатысушы белгілі бір мәлімдемені өзіне ең таныс деп тандаса, тиісті күрес стратегиясы оған тән болады деп болжанады. Стресспен күресу стратегиялары: өнімді (стресспен тез және сәтті күресуге көмектеседі), салыстырмалы түрде өнімді (кейбір жағдайларда, мысалы, өте маңызды емес немесе үлкен стрессте көмектеседі); өнімді емес (стресстік жағдайды жоймайды, керісінше оның күшеюіне ықпал етеді).

Кесте 4. Көрсеткіштерінің жиынтық кестесі

Нәтиже	8 «А» сынып		10 «Б» сынып	
	Оқушылар саны, адам.	Саны, %	Оқушылар саны, адам.	Саны, %
Девиантты мінез-құлыққа бейім	3	11	5	17
Девиантты мінез-құлыққа бейім емес	25	89	25	83



Сурет 1. Көрсеткіштерінің жиынтық диаграммасы



Есірткіге тәуелділік тәуекел тобы (DRG) сауалнамасы мектептің 8-11 сынып оқушылары арасында кейінгі жасөспірімдік кезеңдегі нашақорлық тәуекел топтарын анықтауға арналған. Әдістеме іске асырылған алдын алу бағдарламаларының тиімділігін бағалау құралдарының бірі ретінде қызмет етеді.

Бұл контексте жасөспірімдердің тәуекелді мінез-құлыққа бейімділігін, әсіресе есірткіні қолдану ықтималдығын, сондай-ақ өзіне деген көзқарасы мен болашаққа қатынасын, топтың ықпалын бағалауға бағытталған сауалнама сұрақтары мен диагностикалық әдістемелерге негізделген тұжырымдар келтірілген.

Құрылымы бойынша түсіндірме:

Сұрақтар тұжырымдар түрінде берілген, оларға, ең ықтимал жауап беру тәсілі — «Келісемін / Келіспеймін» немесе 1-ден 5-ке дейінгі шкала бойынша жауап беру (мысалы, 1 — мүлде келіспеймін, 5 — толықтай келісемін).

1. Мен басқа маңызды істерге бола ләззат алуымды кейінге қалдырғым келмейді.
2. Маған жиі ішім пысады.
3. Өмірімде есірткі қолданатын адамдармен сөйлескен кездерім болды.
4. Мектептегі сабақтан басқа маңызды ісім жоқ.
5. Мен жаңа әсерлерге құмармын.
6. Менің кейбір достарым есірткі қолданады.
7. Кейде мен бәрі менен теріс айналғандай сезінемін және бұл жағдайдың себебін түсінуге тырыспаймын.
8. Кейде бәрі менен теріс айналғандай сезінемін және бұл үшін ештеңе істемеймін.
9. Мен алты түрлі есірткі затын оңай атай аламын.
10. Нашар бағалар мені алаңдатпайды.
11. Мен есірткі туралы кітаптарға, фильмдерге және соларға қатысы бар адамдарға қызығамын.
12. Мен есірткі туралы өз құрдастарыма қарағанда көбірек білемін.
13. Ата-анам мен туралы не ойлайтыны маған бәрібір.
14. Есірткімен байланысы бар адамдармен сөйлесетін тақырыптарым бар.
15. Болашақ өміріме қатысты нақты жоспарым жоқ.
16. Достарым қызықты, бірақ тыйым салынған нәрсені ұсынса, мен келісемін.
17. Егер таңдау мүмкіндігім болса, мысалы, парашютпен секірем едім.
18. Мен үшін салауатты өмір салты маңызды емес.
19. Менің мінезім жақсы ма, жаман ба – бәрібір.

20. Ата-анам менімен мақтану үшін мен ештеңе істемеймін.

21. Өз мінезімді жақсартуға тырыспаймын.

22. Сыныптастарым мен туралы не ойлайтыны маған бәрібір.

23. Сыныптастарым мен туралы жақсы ойласын деп ештеңе істемеймін.

Зерттеу нәтижесінде агрессивті мінез-құлықпен қатар салыстырмалы түрде өнімді және өнімсіз жеке стрессті жеңу стратегиялары мен ауытқу мінез-құлқына бейімділігі бар 8 «А» және 10 «В» сыныптарының оқушылары, сондай-ақ есірткіні қолдануда байқалған кейбір оқушылар негізінен балалар екендігі анықталды. «тәуекел тобындағы» отбасылар, яғни көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасылар және олардың ата-аналары жұмыссыз.

Қорытынды. Біз жүргізген зерттеу нәтижесінде келесі қорытындылар жасалды:

1. Нашақорлық-бұл есірткі заттарына физикалық немесе психикалық тәуелділіктен, оларға деген шексіз тартымдылықтан көрінетін, біртіндеп дененің физикалық және психикалық функцияларының терең сарқылуына әкелетін ауру.

2. Жасөспірімдерге тәуелділіктің себептері әлеуметтік-экономикалық, конституциялық-биологиялық, әлеуметтік және жеке психологиялық болып табылады.

3. Нашақорлықтың әлеуметтік-педагогикалық профилактикасы-психоактивті заттардың таралуына және пайдаланылуына ықпал ететін себептерді, жағдайларды анықтауға және жоюға, психоактивті заттарды теріс пайдаланудың жеке, әлеуметтік және медициналық салдарларының алдын алуға және жоюға бағытталған әлеуметтік, білім беру және медициналық-психологиялық іс-шаралар кешені [7, 66-69].

